



«АККРЕДИТЕУ ЖӘНЕ РЕЙТИНГТІҢ  
ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ» КЕМ

НУ «НЕЗАВИСИМОЕ АГЕНТСТВО  
АККРЕДИТАЦИИ И РЕЙТИНГА»

INDEPENDENT AGENCY FOR  
ACCREDITATION AND RATING

# ЕСЕП

Сыртқы сараптау комиссиясының білім беру бағдарламаларын  
мамандандырылған аккредиттеу стандарттары талаптарына сәйкестікке  
бағалау жөніндегі жұмыс нәтижелері туралы

«7М01711 – Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы  
«Байшев университеті» Мекемесі  
2020 ж. «12» ақпаннан бастап «14» ақпан аралығы

**АККРЕДИТТЕУ ЖӘНЕ РЕЙТИНГТІҢ ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ**  
**Сыртқы сараптау комиссиясы**

*АРТА*  
*Аккредиттеу кеңесіне*  
*жіберілді*



**«АККРЕДИТТЕУ ЖӘНЕ РЕЙТИНГТІҢ  
ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ» КЕМ**

**НУ «НЕЗАВИСИМОЕ АГЕНТСТВО  
АККРЕДИТАЦИИ И РЕЙТИНГА»**

**INDEPENDENT AGENCY FOR  
ACCREDITATION AND RATING**

**Сыртқы сараптау комиссиясының білім беру бағдарламаларын  
мамандандырылған аккредиттеу стандарттары талаптарына сәйкестікке бағалау  
жөніндегі жұмыс нәтижелері туралы**

**ЕСЕБІ**

**«7M01711 – Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы**

**«Баишев университеті» Мекемесі**

**2020 ж. «12» ақпаннан бастап «14» ақпан аралығы**

**14 ақпан, 2020 жыл**  
**Ақтөбе қаласы**

## МАЗМҰНЫ

### МАЗМҰНЫ

(I) БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ.....	3
(II) КІРІСПЕ .....	4
(III) БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНА ҰСЫНЫМ.....	4
(IV) ССК КЕЛУІН СИПАТТАУ .....	5
(V) АККРЕДИТТЕУ АЛДЫҒЫ РӘСІМІН СИПАТТАУ .....	7
(VI) МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН АККРЕДИТТЕУ СТАНДАРТТАРЫНА СӘЙКЕСТІК .....	9
<b>6.1. «Білім беру бағдарламасын басқару» стандарты .....</b>	<b>9</b>
<b>6.2. «Ақпаратты басқару және есептілік» стандарты.....</b>	<b>13</b>
<b>6.3. «Білім беру бағдарламаларын әзірлеу және бекіту» стандарты .....</b>	<b>17</b>
<b>6.4. «Білім беру бағдарламаларына тұрақты мониторинг және мерзімді бағалау» стандарты.....</b>	<b>20</b>
<b>6.5. «Студенттерге орталықтандырылған білім беру, оқыту және үлгерімдерін бағалау» стандарты.....</b>	<b>23</b>
<b>6.6. «Білім алушылар» стандарты.....</b>	<b>26</b>
<b>6.7. «Профессорлар-оқытушылар құрамы» стандарты.....</b>	<b>32</b>
<b>6.8. «Білім беру ресурстары және студенттерді қолдау жүйелері» стандарты.....</b>	<b>47</b>
<b>6.9. «Қоғамдыққа хабарлау» стандарты .....</b>	<b>53</b>
<b>6.10. «Жеке мамандықтар шеңберінде стандарттар» стандарты.....</b>	<b>56</b>
(VII) ӘР СТАНДАРТ БОЙЫНША МЫҚТЫ ЖАҚТАР/ЕҢ ҮЗДІК ТӘЖІРИБЕ ШОЛУЫ..	58
(VIII) САПАНЫ ЖАҚСARTУ БОЙЫНША ҰСЫНЫСТАР ШОЛУЫ .....	62
(IX) ААКРЕДИТТЕУ КЕҢЕСІНЕ ҰСЫНЫС.....	64
1 қосымша МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН БАҒДАР ПАРАМЕТРЛЕРІ бойынша 7М01711 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ бағалау .....	65

## **(I) БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ**

«Platonus» ААЖ – «Platonus» Автоматты ақпараттық жүйесі  
ДӘБ – Дербесәкімшілік басқару  
ББ – Білім беру бағдарламасы  
БП – Базалық пәндер  
БНСБ – Білім нәтижелерін сырттай бағалау  
МАК – Мемлекеттік Аттестаттау комиссиясы  
МЖБС – Мемлекеттік жалпығаміндетті білім стандарты  
АКТ – ақпараттық коммуникациялық технологиялар  
ЖОЖ – жеке оқу жоспары  
КТ – кешенді тестілеу  
ЭПК – элективті пәндер каталогы  
ҚР БҒМ – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
ҒЗЖ – ғылыми-зерттеу жұмыстары  
ЖБП – жалпы білім беретін пәндер  
ӨК – өндірістік кешен  
ПОҚ – профессор-оқытушылар құрамы  
АБ – аралық бақылау  
ОЖЖ – оқу жұмыс жоспары  
БӨЖ – білімалушының өздік жұмысы  
МОӨЖ – магистранттың оқытушы жетекшілігімен жүргізетін өздік жұмысы  
ТОЖ – типтік оқу жоспары  
ТОБ – типтік оқу бағдарламасы  
ПОӘК – пәннің оқу-әдістемелік кешені  
ҚМА – қорытынды мемлекеттік аттестаттау  
ҰҒТАО – Ұлттық ғылыми техникалық ақпараттық орталық  
ББҰ - Білім беру ұйымы

## **(II) КІРІСПЕ**

Сыртқы сараптау комиссиясы Баишев университеті білім беру бағдарламаларының сапасын АРТА/IAAR мамандандырылған аккредиттеу стандарттарына (2017 ж. 24 ақпан № 10-17-ОД, бесінші басылым) сәйкестігін бағалау жүргізілді.

Сыртқы сараптау комиссиясының (ССК) есебінде мамандандырылған аккредиттеу шеңберінде Баишев университет қызметінің НААР/IAAR критерийлеріне сәйкестігін бағалау, білім беру бағдарламаларының параметрлері мен білім беру бағдарламаларының одан әрі жетілдіру бойынша ДСК ұсыныстары келтірілген.

Сыртқы сараптау комиссиясының есебі мамандандырылған аккредитация аясында аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігінің Баишев университетінің білім беру ісін бағалауды қамтиды.

### **ССК құрамы:**

- 1) Комиссия төрағасы - Кулахметова Мергуль Сабитовна, п.ғ.к., Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті (Павлодар);
- 2) Шетелдік сарапшы - Горылев Александр Иванович, з.ғ.к., доцент, Н.И. Лобачевский атындағы Нижний Новгород мемлекеттік университеті (Нижний Новгород, Ресей Федерациясы);
- 3) Сарапшы - Каримова Гүлмира Серсемханқызы, PhD, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Алматы);
- 4) Жұмыс беруші - Баймуратова Айнур Мұратбайқызы, Ақтөбе облысы «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының адами капиталды дамыту бөлімінің бастығы (Ақтөбе);
- 5) Студент - Махай Сулет Алтайқызы, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің 1 курс студенті (Ақтөбе);
- 6) Агенттіктің бақылаушысы - Қыдырмина Нұргүл Әлімқызы, АРТА/IAAR жобасының менеджері (Нұр-Сұлтан).

## **(III) БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНА ҰСЫНЫМ**

Университет 1996 жылдың тамыз айында Қазақ мемлекеттік басқару академиясының Ақтөбе бөлімшесі ретінде құрылды. 1997 жылы Батыс Қазақстан экономика және қаржы институты болып қайта құрылды. 2001 жылдың маусым айында Батыс Қазақстан экономика және қаржы институты Сақтаған Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті болып өзгертілді. 2019 жылы өткізілген ребрендинг нәтижесінде Сақтаған Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті Баишев университеті болып қайта құрылды.

Университет қызметі білім беру қызметін жүргізу құқығына қолданыстағы мемлекеттік лицензия негізінде жүзеге асырылады (02.04.2019 жылғы № KZ60LA00015320).

Баишев университет құрылымына 3 жоғары мектеп, 11 кафедра, 16 бөлімше кіреді.

Университет мамандарды даярлаудың екі деңгейлі моделін жүзеге асырады: бакалавр-магистр және жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің 25 бағдарламасын және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің 6 бағдарламасын қамтитын даярлаудың 20 бағыты бойынша жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауды жүзеге асырады.

2019-2020 оқу жылында білім алушылар контингенті 4987 адамды құрайды. Штаттағы ПОҚ саны 185 адам, оның ішінде ғылыми дәрежесімен – 94 адам, дәрежелену пайызы 51% құрайды.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының қызметін профессорлық-оқытушылық құрам ұжымы жүзеге асырады. Кафедра 26.08.2015 жылы (№84-п бұйрық) 6M011700 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы «Филология және аударма» кафедрасынан 2015-

2016 оқу жылынан бастап университет құрылымын оңтайландыру мақсатында бөліну жолымен құрылды.

Кафедраның білім беру бағдарламаларына сай миссиясы анықталады: ҚР МЖБС мазмұнына сай білім магистрі, педагогика ғылымдарының магистрін даярлауда Батыс Қазақстан аймағындағы және Қазақстан Республикасы көлемінде еңбек нарығында сұранысқа ие, бәсекеге қабілетті, жұмыс берушілерді қанағаттандыратын жоғары білікті мамандар даярлау болып табылады.

ҚР-ның 2018 жылғы 13 қазандағы №569 бұйрығы негізіндегі «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптаушысының» өзгеруіне байланысты 2019 жылдың 21 ақпанындағы №7 хаттама Баишев Университетінің Ғылыми Кеңесі шешімімен «Баишев Университеті» білім беру бағдарламаларының кодтары 2019-2020 оқу жылына арналған білім алушылар үшін 7M01711-«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы 7M017 Тілдер және әдебиет бойынша педагогтарды даярлау «7M01711-Қазақ тілі мен әдебиеті» (лингвист-зерттеуші) білім беру бағдарламасы болып өзгеріске енді (ҒК №7 21.02.19).

7M01711/6M011700 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандықтарының ББ-сы мазмұны мен қызметі бойынша Баишев Университеті стратегиясына, миссиясы мен көрінісіне, құндылықтарына және жұмыс берушілердің талаптарына сай келеді.

ББ-ында Блум таксономиясы дескрипторға сай жоғары білімнің жалпы құзіреттерін меңгеру көзделеді. ББ-ның жалпы міндеттері жоғары білім стандартымен анықталады. Онда тірек құзіреттіліктерді меңгеру деңгейінде білім беру мазмұнының сапасын бағалауға бағытталған құзіреттілік тәсілдер бекітілген.

Сондай-ақ, 2018, 2019 жылдары университет «НаЦЭКС» АҚ СМЖ ОПС АФ өткізілген университеттің СМЖ инспекциялық аудитінің жоспарлы процедураларынан сәтті өтті және СМЖ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бойынша білім беру қызметіне (№KZ сертификаты) қатысты ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) стандартының талаптарына сәйкестігін растады (1510318.07.03.00943 5 жыл мерзімге).

Университет 2019 жылы «Webometrics Ranking of World Universities» халықаралық рейтингінде 28000 оқу және ғылыми мекемелер арасында 16917 орын, ҚР ЖОО арасында 67 орын алды. ҚР ҰУ-ның 2019 жылғы институционалдық рейтингінің ТОП - 20 ЖОО-да - 11-ші орын, оның ішінде, 2019 жылғы мамандарды даярлау деңгейі мен бағыттарына сәйкес ББ бойынша ЖОО-ның ұлттық рейтингінің нәтижелері бойынша 7M01711- «Қазақ тілі мен әдебиеті» (лингвист-зерттеуші) - 19-шы орында.

#### **(IV) ССК КЕЛУІН СИПАТТАУ**

БҰ келу мақсаттарын орындау туралы, БҰ және (немесе) ББ сапасын бағалау әдістері, ССК келу бағдарламасын іске асыру: ұйымдастыру іс-шаралары (кездесулер, сұхбаттар), келу объектілері (сабақтар, тәжірибелер базалары және басқа) туралы қысқаша ақпарат.

ССК жұмысы сараптау комиссиясының Баишев университетінде 2020 жылдың 12-14 ақпан аралығында мамандандырылған аккредитация бойынша келу Бағдарламасының негізінде жүзеге асырылды.

ССК жұмысын үйлестіру мақсатында 12.02.2020ж. белгіленген жиналыс өтті, оның барысында Комиссия мүшелері арасында өкілеттіктер бөлінді, сапардың кестесі нақтыланды, сараптама әдістерін таңдау мәселелерінде келісімге қол жеткізілді.

Стандарт талаптарына сәйкес сапардың бағдарламасы проректорлармен, құрылымдық бөлімшелердің басшыларымен, декандармен, кафедра меңгерушілерімен, оқытушылармен, білім алушылармен, түлектермен, жұмыс берушілермен және құрылымдық бөлімшелердің қызметкерлерімен кездесулер, оқытушылар мен білім алушыларға сұхбат және сауалнама жүргізуді қамтыды. Кездесулерге барлығы 85 адам қатысты (1 кесте).



1 кесте АРТА ССК-мен кездесулерге қатысқан қызметкерлер мен білім алушылар туралы мәліметтер

Қатысушылардың категориясы	Саны
Президент	1
Ректор	1
Проректорлық корпус	3
Құрылымдық бөлімшелердің басшылары	2
Декандар	3
Кафедра меңгерушілері	16
Оқытушылар	15
Студенттер, магистранттар	34
Түлектер	6
Жұмыс берушілер	4
<b>Барлығы</b>	<b>85</b>

Шолып қарау оқу, ғылыми және әдістемелік үдерістерді ұйымдастыру, материалдық-техникалық база туралы жалпы түсінік алу, оның стандарттарға сәйкестігін анықтау, сондай-ақ білім алушылармен және қызметкерлермен жұмыс орындарында қарым-қатынас жасау мақсатында өткізілді. Сарапшылар кафедраларды, факультеттерді, құрылымдық бөлімшелерді, кітапханаларды, спорт ғимараттарын, медициналық пункттерді және т. б. қарап шықты.

Аккредиттеу процедурасына сәйкес 15 оқытушы, 56 білім алушы арасында сауалнама жүргізілді.

Өзін-өзі бағалау бойынша есепте ұсынылған ақпаратты растау мақсатында сыртқы сарапшылар Университеттің жұмыс құжаттамасына талдау жасады. Атап айтқанда, университеттің 2019-2023 жылдарға арналған даму бағдарламасы, 2019-2022 жылдарға арналған ББ бағдарламасының жоспары, Университеттің жұмыс жоспары, кафедралардың жұмыс жоспары, элективті пәндер каталогы, кафедра туралы ереже, магистратура мен бакалавриаттың ТҚП, лауазымдық нұсқаулықтар, Ғылыми кеңестің жоспарлары мен хаттамалары, ПОӘК және т. б.

Сонымен қатар, сарапшылар ЖОО ресми сайты (<https://www.vuzbaishev.kz>) арқылы университеттің интернет-ұстанымдарын зерттеді.

ССК мүшелері аккредиттелетін бағдарламалар практикасының базаларына: Үш тілде білім беретін №21 мектеп-гимназиясында, №23 орта мектеп-лицейі ММ барды.

ССК мүшелері келесі сабақтарға қатысты:

«7M01711 – Қазақ тілі мен әдебиеті» (лингвист-зерттеуші) мамандығының ББ бойынша

- «Академиялық грамматика» пәні бойынша сағ 14.00. (324 ауд). 6 магистрант

қатысты. Сабақ талаптарға сай жаңа әдістермен өткізілді.

#### **(V) АККРЕДИТТЕУ АЛДЫҒЫ РӘСІМІН СИПАТТАУ**

6M011700 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша магистрлерді даярлау білім беру қызметін жүргізуге құқық беретін 27.02.2017 бастап 26.02.2020 дейін АРТА мамандандырылған халықаралық аккредиттеу туралы №АВ1225 куәлік негізінде жүзеге асырылады (1.1 қосымша). 6M011700-«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы 27.02.2017 ж. 3 жылға аккредиттеуден өтті (АРТА мамандандырылған халықаралық аккредиттеу туралы куәлігі 6M011700-Қазақ тілі мен әдебиеті 27.02.2017-26.02.2020, тіркеу№ АВ1225).

#### **Алдыңғы ССК құрамы:**

Комиссияның төрағасы - Пак Юрий Николаевич, техника ғылымдарының докторы, профессор, Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті (Қарағанды);

2. Шетелдік сарапшы - Русакова Татьяна Геннадиевна, педагогика ғылымдарының докторы, Орынбор мемлекеттік педагогикалық университетінің профессоры, сарапшы «Кәсіптік білім беру саласындағы сарапшылар гильдиясы» (Оренбург, Ресей);

3. Сарапшы - Шкутина Лариса Арнольдовна, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, академик Е.А. Букетова (Қарағанды қаласы);

4. Сарапшы - Носиева Назым Қажымұратқызы, филология ғылымдарының кандидаты, доцент, С.А.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті (Астана);

5. Сарапшы - Бурбекова Сауле Жорабековна, филология ғылымдарының кандидаты, Сүлейман Демирел университеті (Алматы);

6. Сарапшы - Сауранбай Сандуғаш Бабағалиқызы, PhD, лицензиясы бар бағалаушы, Алматы облыстық бағалаушылар қауымдастығының мүшесі, әрекет етуші Нархоз университетінің доценті (Алматы);

7. Сарапшы - Владимир Николаевич Вуколов, профессор, педагогика ғылымдарының докторы, спорттық туризм бойынша Қазақстан Республикасының халықаралық спорт шебері, Туран университетінің Туризм ғылыми-зерттеу институтының директоры (Алматы);

8. Сарапшы - Тұрсынбаева Әсел Кенжибекқызы, т.ғ.д., доцент, Қазақ агротехникалық университеті С.Сейфуллина (Астана);

9. Сарапшы - Ташатов Нурлан Наркенович, т.ғ.к., доцент, Л.Н. Гумилева (Астана);

10. Сарапшы - Шайгозова Жанерке Наурызбайқызы, ЮНЕСКО-ның көркем білім саласындағы сарапшысы, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Алматы);

11. Сарапшы - Абдрахманов Сарсенбай Кадырович, т.ғ.д., профессор, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті (Астана);

12. Сарапшы - Пак Дмитрий Юрьевич, м.ғ.к., доцент, Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті (Қарағанды);

13. Жұмыс беруші - Кунанова Дамиля Бахиткереевна, «Атамекен» Ақтөбе облысы кәсіпкерлер палатасының адами капиталды дамыту бөлімінің бастығы (Ақтөбе);

14. Студент - Сокол Вероника Юрьевна, 4-курс студенті, Қазақстан-Ресей халықаралық университеті (Ақтөбе);

15. Студент - Досмагамбетова Пакизат Мусағалиқызы, «Педагогика және психология» мамандығының 4 курс студенті, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті (Ақтөбе);

16. Студент - мамандықтың 3 курс студенті Аношкина Елизавета Григорьевна «Аударма ісі», Қазақстан-Ресей халықаралық университеті (Ақтөбе);

17. Студент - Орынтаев Диас Қайратұлы, «Тау-кен ісі» мамандығының 4 курс студенті, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті (Ақтөбе);

18. Агенттіктің байқаушысы - АРТА халықаралық жобалар және қоғаммен байланыс бөлімінің бастығы Канапьянов Тимур Ерболатұлы (Астана).



ССК бағалау қорытындысының нәтижесінде ББ бойынша жоғары оқу орнына келесідей ұсыныстар берілді.

**6.1. «Білім беру бағдарламасын басқару» стандарты**

Аккредиттелген білім беру бағдарламаларын іске асыруда университеттің қызметін одан әрі дамыту және жақсарту үшін, NAAR VEC кеңес береді:

- жоспарлау, дамыту және үнемі жетілдіру тетіктерін жетілдіру
- әзірленген жоспарлардың орындалуын талдау жүйесін жетілдіру және белгілі бір сыртқы және ішкі тәуекелдерді ескере отырып, БР жобалау мен іске асыруға қатысатын тараптардың тиімділігі мен тиімділігін бағалау;
- қондырғылардың тиімділігі мен тиімділігін және олардың өзара әрекеттесуін бағалау бойынша жұмысты күшейту;

**6.3. «Білім беру бағдарламаларын әзірлеу және бекіту» стандарты**

Комиссия білім беру бағдарламаларының мазмұнын жетекші қазақстандық жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларымен үйлестірудің жоқтығын айтады. Ортақ анықтау: шет мемлекеттер мен қазақстандық жоғары оқу орындарының білім беру жүйелерінің ерекшеліктері білім беру саласындағы интеграциялық жобаларды одан әрі дамыту үшін қажетті негізді анықтайды.

Ұсыныстар:

- жетекші шетелдік және қазақстандық білім беру ұйымдарының ұқсас білім беру бағдарламаларымен білім беру бағдарламаларының мазмұнын жеткіліксіз үйлестіру;
- шетелдік университеттермен белсенді бірлескен академиялық бағдарламалардың болмауы;
- жетекші қазақстандық және шетелдік жоғары оқу орындарында жүзеге асырылған ұқсас академиялық бағдарламалар мазмұнына салыстырмалы зерттеу жүргізу;
- шетелдік университеттермен бірлескен білім беру бағдарламаларын жүзеге асыруды қарастыру;
- білім беру бағдарламаларын жасауға студенттердің қатысуын күшейту;

**6.5 «Студенттерге орталықтандырылған білім беру, оқыту және үлгерімдерін бағалау» стандарты**

- инклюзивті білім алу үшін жағдай жасау;

**6.6. «Білім алушылар» стандарты**

студенттердің ішкі және сыртқы академиялық ұтқырлығын дамыту бағдарламасын әзірлеу;

- 5B011700 - қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша студенттерді кәсіби сертификаттау мүмкіндігін қарастыру.

- академиялық ұтқырлықты дамыту және магистратурада білім алу мақсатында студенттердің тілдік дайындығын күшейту бойынша ұйымдастырушылық және практикалық шаралар кешенін ұсыну;

- 6M011700 «Қазақ тілі мен әдебиеті» магистранты бойынша студенттер санын арттыру бойынша ұйымдастырушылық және практикалық шараларды қабылдау;

- мамандарды практикаға бағытталған даярлау деңгейін жоғарылату бағытында Түлектер қауымдастығының тиімділігін арттыру;

**6.7. «Профессорлар-оқытушылар құрамы» стандарты**

- профессорлық-оқытушылық құрамның академиялық ұтқырлығы жеткіліксіз дамыған және ЕР енгізу кезінде шетелдік серіктестермен бірлескен зерттеулердің болмауы.

Аккредиттелген білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін ЭП-ны одан әрі дамыту және жетілдіру үшін, NAAR VEC кеңес береді:

- профессорлық-оқытушылық құрамның сыртқы және ішкі академиялық ұтқырлығын арттыру бойынша іс-шаралар жоспарын жасау
- жақын және алыс шетел университеттерімен бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізуге жәрдемдесу;
- зерттеу нәтижелерін Thomson және Scopus мәліметтер базасына енгізілген ғылыми жарияланымдарда жариялауға ықпал ету;

#### **6.8. «Білім беру ресурстары және студенттерді қолдау жүйелері» стандарты**

- студенттерді шет тілдерін оқытатын компьютерлік сыныптармен, мультимедиялық кабинеттермен қамтамасыз ету.

#### **6.9. «Ақпаратты басқару және есептілік» стандарты**

- тәуекелдерді анықтау және болжау үшін ақпаратты талдау мүмкіндігін қамтамасыз ету.

**Қорытынды:** Эксперттер тексеру барысында жоо-ға берілген ұсыныстар мен ескертулердің орындалуына байланысты анализ жасады. ССК АРТА сараптама тобының жоо-ның мамандандырылған аккредитация нәтижесінде жасалған ұсыныстарды жүзеге асыру бойынша есебі қаралды.

Сараптама тобы жоспарланған шаралардың ұсыныстарды жүзеге асыру жұмыстарымен сәйкес келетінін анықтады. Жұмыс берушілермен бірлесе отырып өзара білім беру бағдарламаларын әзірлеу жұмыстары күшейтіліп, оқу үрдісін жүзеге асыруда, ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізуде шетелдік оқу орындарының өкілдері, өндірістегі маман-практиктер белсенді қатыстырылады, оқытуда инновациялық технологиялар енгізіліп, электронды оқулықтар оқу процесінде қолданыста.

Анализ ұсыныстардың басым көпшілігінің орындалғанын анықталды. Білім алушылардың академиялық ұтқырлығын арттыру бойынша жасалған ұсыныстар, бірлескен білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру бойынша дайындалған әзірлеме орындалуда.

## **(VI) МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН АККРЕДИТТЕУ СТАНДАРТТАРЫНА СӘЙКЕСТІК**

### ***6.1. «Білім беру бағдарламасын басқару» стандарты***

- *ЖОО сапаны қамтамасыз ету жарияланған саясаты болуы тиіс.*
- *Сапаны қамтамасыз ету саясаты ғылыми зерттеулер, оқыту және білім беру арасындағы байланысты көрсетуі тиіс.*
- *ЖОО сапаны қамтамасыз ету мәдениетін дамытуды көрсетуі тиіс, соның ішінде ББ шеңберінде.*
- *Сапаны қамтамасыз етуге берілгендігі, мердігерлер мен серіктестер (аутсорсинг) орындайтын, кез-келген қызметке жатуы тиіс, соның ішінде бірлескен/қос дипломды білімді алу және академиялық мобильділік кезінде.*
- *ББ басшылығы ЖОО мемлекет, жұмыс берушілердің, мүдделі тұлғалар мен білім алушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға қызмет етуін, нақты жайғастыруын және оның қызметінің бағытталуын талдау негізінде ББ даму жоспарын әзірлеудің айқындығын қамтамасыз етеді.*
- *ББ басшылығы ББ дамыту жоспарын қалыптастыру және жиі қайта қарау және оны іске асыру мониторингі, оқыту мақсаттарына жетуді бағалау, білім алушылар, жұмыс берушілер және қоғам қажеттіліктеріне сәйкестік, ББ үнемі жақсартуға бағытталған шешімдерді қабылдау механизмдері қызмет етуін көрсетеді.*
- *ББ басшылығы ББ дамыту жоспарын қалыптастыруға мүдделі тұлғалар топтарын, соның ішінде жұмыс берушілерді, білім алушыларды және ПОҚ қатыстыруы тиіс.*
- *ББ басшылығы ББ дамыту жоспарының даралығы мен бірігейлігін, оның білім беру ұйымдарын дамыту ұлттық басымдылықтары мен даму стратегиясымен келісілуін көрсетуі тиіс.*

- *ЖОО ББ, персоналдың лауазымдық міндеттерін бір мағыналы бөліп тарату, алқалық органдар функцияларын шектеу шеңберінде бизнес-процестерге жауаптыларды нақты белгілеуді көрсетуі тиіс.*
- *ББ басшылығы білім беру бағдарламаларын басқару жүйесі айқындығының дәлелдерін ұсынуы тиіс.*
- *ББ басшылығы ББ жобалау, басқару және мониторингі, оларды жақсарту, фактілер негізінде шешімдерді қабылдаудан тұратын, ББ сапасын қамтамасыз ету ішкі жүйесінің жетістікпен қызмет етуін көрсетуі тиіс.*
- *ББ басшылығы тәуекелдерді басқаруды жүзеге асыруы тиіс.*
- *ББ басшылығы мүдделі тұлғалар өкілдерінің (жұмыс берушілердің, ПОҚ, білім алушылардың) білім беру бағдарламасын басқару алқалық органдарының құрамында қатысуын, сондай-ақ білім беру бағдарламаларын басқару мәселелері бойынша шешімдерді қабылдау кезінде олардың көрнекілігін қамтамасыз етуі тиіс.*
- *ЖОО ББ шеңберінде инновацияларды басқаруды, соның ішінде талдау және инновациялық ұсыныстарды енгізуді көрсетуі тиіс.*
- *ББ басшылығы білім алушылар, ПОҚ, жұмыс берушілер және басқа мүдделі тұлғалар үшін ашықтығы және қол жетімділігінің дәлелдерін көрсетуі тиіс.*
- *ББ басшылығы білім беру менеджменті бағдарламалары бойынша оқытылуы тиіс.*
- *ББ басшылығы сапаны сыртқы қамтамасыз ету соңғы рәсімі кезеңінен жетілген ілгерілеу, келесі рәсімге дайындалған кезде назарға алынуына ұмтылуы тиіс.*

### ***Дәлелдік бөлігі***

1. Университет қызметінің жеке салалары бойынша стратегиясын нақтылай түсетін және білім кепілдігі саясатын айқындайтын стратегиялық, тактикалық, оңтайлылық қызметі Баишев Университетінің жоспарлы, есептік және нормативтік құжаттарынан көрініс алды.

2. Баишев Университеті 2019-2020 жылдарға арналған *Сапа кепілдігі саясаты* университет басқарудың ажырамас бөлшегі және оның білім беру бағдарламасын жоспарлауының негізі болып табылды.

3. Сапа кепілдігі саясатында ғылыми-зерттеу, оқыту мен білім беру арасындағы байланыс айқын көрсетілген. Кафедраның, ПОҚ-ның тіркелген ғылыми-зерттеу жұмыстары тақырыптарымен білім алушылардың ғылыми-зерттеу тақырыптарының сабақтастығы, зерттеу жұмысы нәтижелерінің оқу процесіне енгізілуі талап етілген және кафедра жұмысы жоспары бойынша жүзеге асырылған. Университетте түрлі қызмет түрлері бойынша, соның ішінде, басты міндеті оқытушылардың ғылыми-зерттеу, тәрбие, оқу-әдістемелік бағыттағы жұмыстарының сапасын бағалау бағытында ПОҚ, кафедра, жоғары мектеп жұмыстарын бағалау талаптарын жетілдіруге арналған жұмыс топтары жасақталған (өкімдер, бұйрықтар негізінде). Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының ұйымдастыруымен барлық оқытушылық құрам үшін әдістеме, оқытудың инновациялық әдістемесін қолдану бойынша кафедраның семинар өткізу жоспарымен сондай-ақ, ОӘЖЖ проректоры өкімімен оқу-әдістемелік семинарлар өткізіледі.

ҚР ЖББМС – ның және ЖОО – ның стратегиялық серіктестерінің талаптарына сәйкес түлектердің кәсіби және жалпы мәдениетті құзреттілігін жоспарлау (магистр).

1. БББ – ның мақсатын анықтау және оқу қорытындысы (білім, икемділік, түйіндеуге қабілеттілігі, құзреттілігі).

2. БББ – дидактикалық бірліктерді анықтау (модульдер, пәндер, практика, МАК) және олардың сынақтық бірліктегі еңбек сыйымдылығын бағалау

3. Қажетті сабақтарды және олардың еңбек сыйымдылығын анықтау.

4. Білім беру технологияларын тандау арқылы, білім берудегі берілген қорытындыларға қол жеткізу.

5. Бағалау элементтерін анықтау және берілген қорытындыларға қол жеткізудегі бағалау әдістерін тандау, БББ- ның сапа тұрғысынан игеру.

6. БББ – сын жүзеге асыру мақсатында оқу жоспарын жасау.

7. БББ – сын жүзеге асырудың мониторингісі (Қосымша 1.5).

8. БББ – сын дамытудың жоспарын жасау және оны жүзеге асырудағы есептері. (Дәлелдеме құжаттары бар).



5. Университет БББ-ның шынайы бағытталуына қатысты талдау жасалған. Мәселен, кафедрада ПОК, жұмыс берушілер мен білім алушылардың қатысуымен БББ-ның даму стратегияларын жетілдіру мақсатында кеңейтілген мәжіліс көрініс тапты (Кеңейтілген кафедра мәжілісінің 7 хаттамасы 06.03.2019 ж.). Талдау барысында 2019-2020 оқу жылының ОЖЖ-сына өзгерістер енгізу туралы ұсыныстар жасалып, жұмыс берушілер тарапынан білім алушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға қызмет ететін пәндер ұсынылып, одан әрі оқу-әдістемелік кеңесте талқыланып, Ғылыми Кеңесте бекітілген. Онда БББ-ның магистратура мамандығы үшін жаңа пәндермен ауыстыру, жұмыс берушілер мен жетекші мамандардың ғылыми-зерттеу тақырыптары нәтижелерін оқу процесіне енгізу, практика нәтижелеріне орай практика мерзімдеріне өзгерістер, пост, пререквизиттердің логикалық жүйелілігін қалыптастыруға қатысты ұсыныстар жасалса, магистратура мамандығында қазіргі тіл біліміндегі жаңа өзекті проблемалар саласындағы пәндермен толықтырулар жасалып, өзгеріс енгізілді.

Білім беру бағдарламаларын дамыту жоспарлары білім беру бағдарламаларын жақсартуға бағытталған стратегия мен тактиканы, білім беру бағдарламаларын дамыту бағыттарын анықтайтын құжат болып табылады.

Білім беру бағдарламасының мақсаты мен даму жоспары «Қазақстан – 2050» стратегиясында және мемлекеттік білім беру саясатында айқындалған: ұлттық экономикадағы мамандарға ағымдық және алдағы сұраныстарды қанағаттандырудың жоғарғы межесіне жетуге; мемлекеттің, ынталы тараптардың және білім алушылардың сапалы білім беру қызметіне сұранысын қанағаттандыруға арналған дамудың ұлттық басым бағыттарына, білім алушылар, жұмыс берушілер және қоғам қажеттіліктеріне сәйкестік, ББ үнемі жақсартуға сәйкес жасақталған. Маман дайындаудың 7M01711 – «Қазақ тілі және әдебиеті» мамандығы бойынша педагогика ғылымдарының магистрі бағытындағы мамандықтар бойынша білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру Баишев Университетінің миссиясына сәйкес жүргізілген. Сол арқылы кафедралар білім беру жүйесіне қазіргі «білім беру философиясын» педагогикалық ғылым мен пәнді оқыту әдістемесінің ұстанымдары мен білімінің әлеуметтік саласы ретінде түсінетін жоғары білікті маман даярлаудағы өздерінің миссиясын айқындалған.

Білім беру бағдарламасы бойынша қалыптастырылған траектория: «Лингвист-зерттеуші». Негізінен Қазақстанның батыс аймағы, Ақтөбе өңірі әдебиетін, қазіргі ақын-жазушылар шығармаларын тілдік танымдық, ділдік, салыстырмалы тілтану тұрғысынан таныту мен зерттеу проблемаларына негізделген. «Лингвист-зерттеуші» батыс өңірі ақын-жазушыларының шығармалары материалдарында оқытуға және зерттеуге негізделген, бұлар білім беру бағдарламасының бірегейлігін танытады.

Білім беру бағдарламасын дамыту жоспарының бірегейлігі мен даралығы Баишев Университетінің бірегейлігімен және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мамандығы бойынша батыс өңірде педагогикалық мамандар даярлау базасының болуы, университет білім алушыларының қалалық, республикалық білім беру базасында тәжірибеден өтуіне мүмкіндік беретін дайындаудың ғылыми-педагогикалық бағыттары бойынша мамандар даярлау бағдарламаларының болуы, педагогикалық мамандықтар бойынша магистратураның болуы, заманауи жабдықталған тест орталығының, ғылымды коммерциялауды жүзеге асыруға тиімді технопарктың салынуы, аймақта экономикалық, саяси тұрақтылықты сақтау үшін жағымды ахуал туғызатын адамдардың белсенді қоныстануы мен миграциясы сияқты бәсекелік мүмкіндіктерімен сипатталған.

Стратегиялық құжаттарды құрастыру кезінде таңдау пәндер каталогында көрініс беретін білім беру траекторияларын түзету арқылы күтілетін қауіп-қатерлер (контингенттің төмендеуі, қаржылық дағдарыс, өндірісте мамандардың басы артық болуы) есепке алынған.

Жоғарыда баяндалған қауіп-қатерлерді алдын-ала ескерту үшін университетте жұмыс берушілердің нақты сұраныстарын ескере отырып, мақсатты түрде кәсіби бағдар беру жұмыстары, дер кезінде қауіп-қатердің алдын-алу шаралары – дөңгелек үстелдер,

университет білім алушылары мен қызметкерлеріне арналған әлеуметтік қорғау жүйесі қарастырылған. Стратегиялық мақсатқа жету үшін көрінген қауіп-қатерлер бойынша университетте ағымдық жылға арналған жоспарлы жұмыстардың Күнтізбесі, кәсіби бағдар беру жоспарлары, перспективті жоспарлар құрастырылған.

### ***Талдау бөлігі***

АРТА ССК сапары барысында сарапшылар аккредиттелетін БББ-ның қазіргі заманғы білім беру нарығының талаптарына сәйкестігіне, білім алушыларға және білім беру сервисіндегі барлық мүдделі тұлғаларға бағытталған білім беру бағдарламаларының тиімді жұмыс істеуіне, сондай-ақ оқу, ғылыми-зерттеу және тәрбие үдерістерін ұйымдастыру қағидағтары мен әдістеріне егжей-тегжейлі талдау жүргізді. БББ мазмұны мен нысаны, БББ басшылығы қабылдайтын шешімдер стратегиялық құжаттармен келісілген.

Жалпы аккредиттелетін БББ қызметі жоғары оқу орнының стратегиясымен, миссиясымен, көрінісімен және құндылықтарымен келісілген. Ұсынылған материалдар БББ дамыту жоспарын қалыптастыру және тұрақты қайта қарау тетіктерінің жұмыс істеуін және оларды іске асыру мониторингін, оқыту мақсаттарына қол жеткізуді бағалауды, білім алушылардың, жұмыс берушілер мен қоғамның қажеттіліктеріне сәйкестігін растайды. Басқару және жоспарлау оларды табысты іске асыруға бағытталған. Олардың мақсаттарына, БББ жоспары мен мақсаттары туралы ақпаратты тарату тетігіне, БББ ресурстық қамтамасыз етілуіне және БББ басқару құрылымына сәйкес БББ даму жоспарлары әзірленді.

- Оның жұмыс істеуін, ЖОО-ның нақты ұстанымдылығын және оның қызметінің мемлекеттің, жұмыс берушілердің, мүдделі тұлғалар мен білім алушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталуын талдау негізінде БББ дамыту жоспарын әзірлеу айқын болып табылады.
- Мүдделі тұлғалардың өкілдерімен жүйелі жұмыс жасау мамандарды даярлау сапасын және олардың еңбек нарығында бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал етеді.
- Университеттің барлық бөлімшелерінің (үдерістерінің) негізгі тәуекел индикаторларын қадағалау тәуекелдің маңыздылығына және тәуекел туралы шешім қабылдау деңгейіне байланысты тұрақты негізде ішкі аудит барысында орындалған.
- Тәуекелдерді жою жөніндегі іс-шараларды жоспарлау кезінде тәуекелдерді жою мүмкіндіктері туралы, жоюдың ықтимал мерзімдері мен қажетті ресурстар туралы ақпаратқа талдау жүргізілген.
- Сонымен бірге АРТА ССК сапары кезінде берілген ақпарат сапаны қамтамасыз ету мәдениетінің дамуын, оның ішінде аккредиттелетін БББ бөлінісінде толық көлемде бағалауға мүмкіндік бермеді.
- ББ даму жоспарының бірегейлігі мен даралығын және оның дамудың ұлттық басымдықтары терең қарастырылған.
- «Білім беру бағдарламасын басқару» стандартының бағалау өлшемдерінің мазмұны мен мағыналық жүктемесі әр түрлі қызмет түрлерінде сапаны жақсарту бойынша қолданылатын шаралардың бар екенін куәландырады. Университет әр қызмет үшін жалпы жоғары оқу орнының сапа тұжырымдамасын (сапаны қамтамасыз етудің жарияланған саясатының, сапаны қамтамасыз ету жүйесінің болуы) көрсетті. Алайда, бұл тұжырымдамада негізгі бизнес-процестер мен оларға жауаптылар сипатталмаған, олардың негізінде жақсартуларды жобалау, басқару және мониторингілеу, фактілер негізінде шешімдер қабылдау жүзеге асырылуы тиіс.
- АРТА ССК сапары барысында аккредиттелетін ББ басшылығы білім беру менеджменті бағдарламалары бойынша оқытудан өтетіні анықталды.
- Жалпы, халықаралық ынтымақтастық пен академиялық ұтқырлық

бағдарламаларын аккредиттелетін ББ шеңберінде жүзеге асыруды айта отырып, АРТА ССК екі дипломды білім беру бағдарламаларының болмауын атап өтеді, ал екі дипломды білім беру бағдарламалары БББ түлектерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға және университеттің әлемдік білім беру кеңістігіне енуіне ықпал ете алады.

### ***Мықты жақтары/ең үздік тәжірибе***

ЖОО жарияланған сапа кепілдігі саясаты бар

Сапаны қамтамасыз ету саясаты ғылыми зерттеулер арасындағы байланысты көрсетеді,

ББ басшылығы оның жұмыс істеуін талдау, ЖОО-ның нақты позициялануы және оның қызметінің мемлекеттің, жұмыс берушілердің, мүдделі тұлғалар мен білім алушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталуы негізінде ББ дамыту жоспарын әзірлеудің ашықтығын қамтамасыз етеді.

ББ басшылығы қалыптастыру және басқару тетіктерінің жұмыс істеуін көрсетеді.

Білім алушылардың, жұмыс берушілер мен қоғамның қажеттіліктеріне сәйкестігін бағалау, білім алушылардың білім беру бағдарламаларын тұрақты жақсартуға бағытталған шешімдер қабылдау жоспарын тұрақты түрде қайта қарау және оны іске асыру мониторингі, оқыту мақсаттарына қол жеткізуді бағалау, білім алушылардың, жұмыс берушілер мен қоғамның қажеттіліктеріне сәйкестігі, білім беру бағдарламаларын тұрақты жақсартуға бағытталған шешімдер қабылдау.

ЖОО БББ басқару жүйесінің ашықтығын көрсетті.

ББ басшылығы мен басшылықтың ашықтығы мен қол жетімділігі принципі сақталған. Сауалнаманың нәтижелері бойынша университеттің профессорлық-оқытушылық құрамы университет басшылығының оқу бағдарламасының мазмұнына назарын жоғары бағалайтынын атап өткен жөн. Сонымен, «Оқу орнының басшылығы білім беру бағдарламасының мазмұнына қалай назар аударды?» деген сұраққа 5 адам «өте жақсы» (33,3%) , 9 адам «жақсы» (60%), 1 адам «қанағаттанарлық» (6,7%) деп жауап берді.

ЕЭК АРА-ға барған кездегі профессорлық-оқытушылар құрамының сауалнамасы мұғалімдер үшін басшылықтың жеткілікті ашықтығы мен қол жетімділігін көрсетті: өте жақсы – респонденттердің 8 (53,3%) , жақсы 7 (46,7%), бұл бізге университет ішінде дамыған байланыс жүйесінің болуы туралы сөйлеуге мүмкіндік береді.

### ***ССК ұсыныстары***

1. Университет [www.ausb.kz](http://www.ausb.kz) сайтында 7M01711- «Қазақ тілі мен әдебиеті» (лингвист-зерттеуші) мамандығы туралы ақпараттар легін арттыру

2. ББ басшыларына білім беру менеджменті бойынша курстар ұйымдастыру практикасын жалғастыру.

3.7M01711 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» (лингвист-зерттеуші) саласында басқа университеттермен халықаралық ынтымақтастықтың мүмкіндіктерін, сондай-ақ Еуро Одақ пен білім беру қорлары қаржыландыратын халықаралық бағдарламаларға қатысу.

**7M01711 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» (лингвист-зерттеуші) мамандығы бойынша ББ критерийлері бойынша: мықты - 7, қанағаттанарлық – 9, жақсартуды болжайды - 1**

### ***6.2. «Ақпаратты басқару және есептілік» стандарты***

• ЖОО заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен бағдарламалық құралдарды қолдану негізінде ақпаратты жинау, талдау және басқару жүйесі қызмет етуін қамтамасыз етуі тиіс.

• БББ басшылығы сапаны қамтамасыз ету ішкі жүйесін жақсарту үшін өңделген, адекватты ақпаратты жүйелі қолдануды көрсетуі тиіс.

• БББ шеңберінде бөлімшелер мен кафедралар қызметінің, ғылыми зерттеулердің нәтижелілігі мен



тиімділігін бағалаудан тұратын, құрылымның барлық деңгейлерін көрсететін, жиі есептілік жүйесі болуы тиіс.

- ЖОО БББ басшылығы, алқалық органдар мен құрылымдық бөлімшелерінің, жоғары басшылықтың қызметін, ғылыми жобаларды іске асыруды бағалау мерзімділігін, нысаны мен әдістерін орнатуы тиіс.

- ЖОО ақпаратты қорғау тәртібін белгілеуді және қамтамасыз етуді, соның ішінде ақпаратты талдау және деректерді ұсыну айқындығы мен уақтылығына жауапты тұлғаларды белгілеуді көрсетуі тиіс.

- Маңызды фактор ақпаратты жинау және талдау процесіне, сондай-ақ олардың негізінде шешімдерді қабылдауға білім алушыларды, қызметкерлер мен ПОҚ қатыстыру болып табылады.

- БББ басшылығы білім алушылар, қызметкерлер мен басқа мүдделі тұлғалармен байланыс механизмі, соның ішінде дауларды шешу механизмдері бар болуын көрсетуі тиіс.

- ЖОО БББ шеңберінде ПОҚ, персонал және білім алушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру дәрежесін өлшеуді қамтамасыз етуі және анықталған жетіспеушіліктерді жою дәлелдерін көрсетуі тиіс.

- ЖОО қызметтің нәтижелілігі мен тиімділігін, соның ішінде БББ шеңберінде бағалау тиіс.

- ЖОО жинайтын және талдайтын ақпарат, келесілерді ескеруі тиіс:

- тиімділіктің басты көрсеткіштерін;

- нысандар мен түрлері шеңберінде білім алушылар контингентінің динамикасын;

- білім алушылар үлгерімі, жетістіктері және оқудан шығарулы деңгейін;

- білім алушылардың ЖОО ББ іске асыру мен оқыту сапасымен қанағаттануын;

- білім алушылар үшін білім беру ресурстарының және қолдау жүйелерінің қол жетімділігі;

- түлектерді жұмысқа орналастыру және мансабы өсуін.

- Білім алушылар, қызметкерлер және ПОҚ жеке деректерді өңдеуге құжаттамалық өз келісімдерін растауы тиіс.

- БББ басшылығы ғылымдардың тиісті салаларында барлық қажетті ақпаратпен қамтамасыз етуге көмек беруі тиіс.

## **Дәлелдік бөлігі**

Баишев Университетінде ақпаратты басқару, оның ішінде жинау, талдау және есеп беру процестері енгізілген. Даму стратегиясын іске асыру, мақсаттарға, міндеттерге қол жеткізу және қабылданған шешімдердің тиімділігін бағалау қолданыстағы ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес жүргізіледі.

Аккредиттелетін БББ аясында маман даярлайтын кафедралар оқыту бағдарламаларының тиімді менеджменті және басқа да қызмет түрлері үшін негізгі ақпаратты жинауды, талдауды және таратуды қамтамасыз ету бойынша үнемі жұмыс жүргізеді. БББ аясында кафедралар қызметінің жекелеген бағыттары бойынша ақпаратты жинау, талдау және басқару тетіктері ақпараттық-коммуникациялық технологиялар негізінде автоматтандырылған.

Ақпаратты талдау ректорат пен ғылыми кеңес отырыстарында жүргізіледі, оған институттың барлық бөлімшелерінің өкілдері қатысады. Ақпаратты талдау нәтижелері бойынша кафедралар мен факультет мәжілістерінде БББ мазмұнына өзгерістер енгізу және түзету бойынша шешімдер қабылданады.

Ақпаратты басқару және сапаны қамтамасыз ету үшін ішкі байланысты нығайту СМЖ ҰС 5.01–2019 «Ішкі ақпараттандыру» ішкі құжаты бойынша жүзеге асырылады. Қызметтің нәтижесін бағалау, үнемі жақсартып отыру мақсатында мәліметтерді жинау, оларға талдау жасау үшін СМЖ ҚР 03–01–2019 «Ақпараттық ресурстарды басқару» атты құжат жасалды.

Ақпараттандырудың тиімді жүйесі және университет сайтымен (<http://www.vusbaishev.kz>) байланыс университет сайтында мынадай парақшалар арқылы жүзеге асырылады:

- абитуриенттерге арналған парақша (<http://www.vusbaishev.kz/ru/dakalavriat>);

- университет жаңалықтары мен оқиғалары туралы жаңалық парақшасы

(<http://www.vusbaishev.kz/ru/b.html>);

- электронды кітапхана (<http://kabis.ausb.kz>);

- студенттік форум (<http://forum.vusbaishev.kz>);

- білім беру және электронды оқыту порталы ([http:// platon.ausb.kz](http://platon.ausb.kz));
- электронды құжатайналым жүйесі (<http:// sed.ausb.kz>);
- ішкі электронды пошта жүйесі (<http:// mail.ausb.kz>).

Аталған ақпарат және байланыс жүйесі оқытушыларға, білім берушілерге, қызметкерлерге арналған. Ақпаратты басқаруда мынадай ерекшеліктер аңғарылады:

- Ресми сайт үш тілде (мемлекеттік, орыс, ағылшын) жұмыс жасайды;
- Мәлімет таратуда университет визуалды мәлімет алуды да белсенді қолданады, яғни қажет мәліметтер оқу корпустарының қабырғаларына ілінеді;
- Мүдделі тұлғалар еңбек және оқыту шарттарымен танысып, көз жеткізуі үшін анкеталау әдісін пайдаланады;
- Сайтта ректор блогы жүргізіледі;
- Кафедра ақпараты университет сайтынан бөлек Фейсбук, Инстаграмм ([kausar\\_univmu](#), [baishev\\_university](#)) әлеуметтік желілерінде жарияланып тұрады.

Ақпаратты жинау және талдау құралы ретінде «Platonus» ААЖ (АИС «Platonus») автоматтандырылған ақпараттық жүйесі жұмыс жасайды. «Platonus» ААЖ құралдары арқылы мәліметтерді интеграциялау жоғарғы оқу орнын оңтайлы және стратегиялық басқаруға арналған ақпараттар алуды қамтамасыз етеді.

«Platonus» ААЖ-дағы ақпараттардың бірізділігі мен шынайылығы университеттің келесі нормативті актілері арқылы тәртіптелген:

- 1) Тәртіп және «Platonus» автоматтандырылған ақпараттық жүйесіндегі әкімшілік есеп беру түрін қалыптастыру бойынша жауапты;
- 2) Білім алушылардың үлгерімін есепке алу электронды журналын жүргізу нұсқаулығы;
- 3) Онлайн-порталды ақпараттармен толықтыру тәртібі;
- 4) Жоспарлы жұмыстар күнтізбесі (жыл сайын ректор қайта қарап, бекітеді).

Ақпараттарды өңдеулер мен талдаулар негізінде нақты шешімдер қабылданған, көрсеткіштерді жақсартуға бағытталған шаралар жоспары жасалған, нәтижелері есеп түрінде рәсімделіп, университеттің Ғылыми кеңесінде қаралған.

Университет кафедра жұмысын қадағалау рәсімін жүйелі жүргізеді және соның барысында мәліметтерді жинау мен бағалау үшін түрлі әдістер мен құралдар қолданады:

- БББ бойынша жылдық және ішкі аудит;
- оқу жылының соңында оқытушылар жұмысын бағалау (KPI рейтингі);
- магистранттар үлгерімі (білімді бағалаудың балдық-рейтингтік жүйесі);
- білім алушылар мен нақты жұмыс берушілердің пікірлері бойынша сауалдар қою (оқу жылы бойынша білім сапасын жүргізу кестесіне сәйкес);
- түлектер жұмысын зерттеу.

Ұсынылған қызметтердің сапасын арттыруға қолданылатын негізгі ақпараттық ағындарды, сондай-ақ, оқу, тәрбие, қаржы үдерістерін басқаруды мына топтарға біріктіруге болады: білім алушылар, қызметкерлер, университет туралы жалпы ақпарат.

«Университет туралы жалпы ақпарат» тобына мына мәліметтер кіреді:

- 1) Оқу корпусы туралы мәлімет;
- 2) Жекелеген корпус туралы мәлімет;
- 3) Жұмыс берушілермен оқу-өндірістік тәжірибе базасымен қамту туралы келісім шарт;
- 4) Ғылыми зерттеулер нәтижесін өндірісте трансферттеу негізінде білім мен ғылымды интеграциялау жолымен инновациялық қызмет туралы мәлімет;
- 5) Аккредитациядан өту туралы мәлімет;
- 6) Университеттің халықаралық ынтымақтастығы туралы мәлімет;
- 7) ЖОО-ның ғылыми-зерттеу жұмысы туралы мәлімет;
- 8) түрлі қосымша мәліметтер, хабарландырулар.

Нарықты зерттеу мақсатында түлектердің жұмысқа орналасу мониторингісі жүзеге асырылады. Ол үшін «Platonus» білім порталында түлектердің электронды базасы

жасақталған. Жыл сайын университет түлектерін жұмысқа орналастыру жоспары жасалып, мынадай шаралар атқарылады:

1. кәсіпорындар мен ұйымдар басшыларымен кездесу,
2. бос орын жәрмеңкелерін ұйымдастыру және өткізу,
3. түлектерді бос жұмыс орындарына орналастыру бойынша қалалық еңбек және бос орын бөлімімен бірлескен жұмыстар ұйымдастыру,
4. жоғары мектеп деңгейінде түлектерді алдын-ала бөлу жоспарын жасау,
5. жұмыс берушілерді қатыстыра отырып, түлектерді арнайы бөлуді ұйымдастыру.

Университет білім алушыларға, қызметкерлерге, басқа да мүдделі тұлғаларға бағытталған ақпараттандыру мен кері байланыс жүйесінің тиімді қызметін қамтамасыз етеді. «Platonus» ААЖ, Агент mail.ru арқылы, электронды пошталар, ішкі чат деңгейінде ақпарат алмасады.

### **Талдау бөлігі**

Аккредиттелетін бағыт бойынша «Ақпаратты басқару және есептілік» стандарты мазмұны мен мағыналық жүктеме бойынша БББ-н талдай отырып, комиссия университетте студенттерді қабылдау, үлгерім, контингенттің қозғалысы, кадрлық құрам, ПОҚ және студенттер мен т. б. студенттерінің академиялық ұтқырлығы бойынша ақпаратты басқару және есеп беру жүйесі жұмыс істейтініне және ол университеттің, кафедралардың, ректораттың және Ғылыми кеңесінің отырыстарында тұрақты есептерде ұсынылғанына көз жеткізді.

Ұсынылған материалдар кафедра қызметінің нәтижелілігі мен тиімділігін қамтитын және БББ контекстінде ақпаратты жинау мен талдаудың әртүрлі әдістерін қолдануға негізделген тұрақты есеп беру жүйесінің бар екенін растайды (оның ішінде "Platonus" ААЖ және электрондық құжат айналымы жүйесі). Университетте "Platonus" ААЖ толық нұсқада жұмыс істейді, сондай-ақ ақпаратты басқару процесін өзіндік бағдарламалық қамтамасыз ету (сандық ЖОО, Талапкер, кесте, жұмысқа орналастыру және тәжірибе және т. б.) әзірленіп, енгізілді.

Ақпарат пен есептілікті басқару процесін тиімді жүзеге асыруды қамтамасыз ететін университет сайтының сапалы және толық мазмұнын айқындай отырып, комиссия сайттың белсенді жұмыс жасайтынын және ақпаратты табудың оңтайлы әдісін қолданатынын атап өтеді.

### **Мықты жақтары/ең үздік тәжірибе**

- Жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологиялар негізінде жинау, талдау және басқару жүйесінің жұмыс істеуі қамтамасыз етілді
- БББ басқаруда құрылымдық бөлімшелердің, жоғары басшылықтың қызметі, ғылыми жобаларды іске асыру, бағалаудың кезенділігі, нысандары мен әдістері көрсетілді.
- БББ шеңберінде құрылымдық бөлімшелер қызметінің тиімділігі мен нәтижелілігін бағалауды көрсететін тұрақты есептілік жүйесі бар.
- БББ шеңберінде жиналатын және талданатын ақпарат білім алушылардың контингенті, оқытудың түрлері мен түрлері бөлінісінде, ББ тиімділігінің негізгі көрсеткіштері, білім алушылардың үлгерімі мен жетістіктерінің деңгейі динамикасы ескеріледі.
- Білім алушылармен, қызметкерлермен коммуникацияның болуы, түйткіл мәселелерді шешу тетіктерін әзірлеу көрсетілді.
- Білім алушыларға ақпараттық және білім беру ресурстары мен қолдау жүйелерінің қол жетімділігі көрсетілді.
- Білім алушыларға ақпараттық және білім беру ресурстары мен қолдау жүйелерінің қол жетімділігі көрсетілді.



### **ССК ұсыныстары**

1. Университетке университет басшылығы мен профессорлық-оқытушылық құрам, студенттер мен қызметкерлер арасындағы кері байланыс механизмін жақсарту ұсынылады, өйткені білім беру бағдарламасын іске асырғаннан кейін үш жыл ішінде жанжалды жағдайлар туралы ақпараттың болмауы басшылықтың проблемалық аспектілері туралы жеткілікті түрде хабардар еместігін көрсетуі мүмкін.

2. 7M01711 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» (лингвист-зерттеуші) білім беру бағдарламасының оқытушыларына қашықтықтан оқыту аясында оқу үрдісінде үнемі пайдалану үшін университеттің білім беру платформасында орналастыру үшін онлайн курстарын жасау ұсынылады.

**7M01711 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» (лингвист-зерттеуші) мамандығы бойынша ББ критерийлері бойынша: мықты - 7, қанағаттанарлық – 10.**

### *6.3. «Білім беру бағдарламаларын әзірлеу және бекіту» стандарты*

- *ЖОО институционалдық деңгейде ББ әзірлеу рәсімін және оларды бекітуді белгілеу және құжаттау тиіс.*
- *ББ басшылығы әзірленген ББ оқыту болжамды нәтижелерін қоса отырып, белгіленген мақсаттарға сәйкестігін қамтамасыз етуі тиіс.*
- *ББ басшылығы оқыту нәтижелерін және жеке қасиеттерін сипаттайтын, ББ түлегінің әзірленген модельдері бар болуын қамтамасыз етуі тиіс.*
- *ББ басшылығы ББ сыртқы сараптамаларын өткізуді көрсетуі тиіс.*
- *ББ аяқталғаннан кейін алынған біліктілік, нақты белгіленуі, түсіндірілуі және НСК белгілі деңгейіне сәйкес келуі тиіс.*
- *ББ басшылығы оқыту нәтижелерін қалыптастыруға пәндер мен кәсіби тәжірибелердің әсер етуін белгілеу тиіс.*
- *Маңызды фактор білім алушыларды кәсіби сертификаттауға дайындау мүмкіндігі болып табылады.*
- *ББ басшылығы ББ әзірлеуге, олардың сапасын қамтамасыз етуге білім алушылардың, ПОҚ және басқа стейкхолдердердің қатысуына дәлелдер ұсынуы тиіс.*
- *ББ еңбек сыйымдылығы қазақстандық кредиттерде және ECTS нақты белгіленуі тиіс.*
- *ББ басшылығы оқу пәндері мазмұны мен оқыту нәтижелерінің оқыту деңгейіне (бакалавриат, магистратура, докторантура) сәйкестігін қамтамасыз етуі тиіс.*
- *ББ құрылымында оқыту нәтижелеріне сәйкес келетін қызметтің әр түрлерін қарастыру қажет.*
- *Маңызды фактор шетел білім беру ұйымдарымен бірлескен ББ бар болуы болып табылады.*

### **Дәлелдік бөлігі**

Университеттегі білім беру бағдарламалары, ең алдымен, жұмыс берушілердің, мүдделі тұлғалардың, білім алушылардың, жүргізілген мемлекеттік аттестация нәтижелері бойынша МАК төрағасының талап-тілектерін ескере отырып жасақталған. Мұның бәрі элективтік пәндер каталогында бейнеленіп, білім алушылардың жеке оқу жоспарларын жасақтауға негіз алынған. Элективті пәндер каталогында мынадай ақпараттар енгізілген: пәннің коды, пререквизиттер, постреквизиттер, пәннің мазмұны, кредиттер саны, дублин дискрипторы бойынша қалыптастыратын құзыреттіліктер.

Мүдделі тұлғалар бітіруші моделінің кәсіби практикаларға, жұмыс берушілердің сұрау жүргізу мен сауалнама алу бойынша талаптарын жасақтауға тартылған.

Мүдделі тұлғалардың, жұмыс берушілердің, бизнес-қоғамдастық өкілдерінің талаптары мамандық түлектерінің МАК-ына қатысуы, жұмыс берушілермен және бітірушілермен білім беру бағдарламаларының тиімділігі туралы сұраулар жүргізілу жолымен зерделенген. Элективті пәндер каталогы бойынша білім алушылар өздерінің білім траекторияларын жасақтап, нәтижесінде білім беру процесіне барлық қатысушылардың және тұтынушылардың талаптарын қанағаттандыратын сапалы білім беру бағдарламасының жасақталуы болып табылды.

Оқу үдерісін ұйымдастыру Университет ректоры бекіткен академиялық күнтізбе

негізінде жүзеге асырылуда. Оқу үдерісінің академиялық күнтізбесі академиялық кезеңдерден, аралық аттестаттау, каникул және практикадан тұрады. Бітіруші курста оқу жылына қорытынды аттестаттау кезеңі қосылған. Білім алушылардың жеке модульдерді (пәндерді) меңгеру және ББ бойынша оқу үдерісін ұйымдастырудың мақсаты оқыту процесінде алған білімді, іскерлікті және дағдыларды кәсіби қызметте практикалық қолдану құзыреттілігін қалыптастыру болып табылады.

Жұмыс берушілердің, мүдделі тұлғалардың білім беру бағдарламасына өзгерістер енгізу жөніндегі ұсыныстарын ендіру шешімдердің уәждемелері мен қабылдануын кафедра жүзеге асырады. Жұмыс берушілердің ұсыныстары элективтік пәндер каталогында көрсетіліп, одан кейін білім алушылардың жасақтайтын ЖОЖ-да бейнеленіп, солар бойынша мамандықтың оқу жоспарлары жасалып, сосын ПОҚ пәннің оқу бағдарламасы мен силлабус, пәннің оқу-әдістемелік кешені жасақталған.

Магистратура бағдарламасы бойынша оқудың аяқталуының негізгі критерийі: ғылыми-педагогикалық магистратурада магистранттың оқу және ғылыми қызметінің барлық түрлерін қоса алғанда, барлық оқу кезеңінде кемінде 120 академиялық кредиттерді Оқу жүктемесі магистранттың барлық оқу қызметін қамтиды – лекциялар, семинарлар, топтық сабақтар, топтық жаттығулар, практикалық сабақтар, ғылыми немесе кәсіби тағылымдамалар, ғылыми-зерттеу жұмыстары (эксперименттік-зерттеу жұмыстары), магистрлік диссертацияны (жобаны) орындау Бір оқу жылының толық оқу жүктемесі кемінде 60 академиялық кредиттерге сәйкес келеді және бір оқу жылы үшін кемінде 1800 академиялық сағатқа сәйкес келеді. Бұл ретте бір семестр ішінде магистрант 30 академиялық кредитті меңгереді. Ғылыми-педагогикалық магистратураның білім беру бағдарламасы теориялық оқытумен қатар немесе жеке кезеңде жүргізілуі мүмкін практиканың екі түрін қамтиды:

1) БП циклінде педагогикалық – білім беру ұйымдарында. Педагогикалық практика оқыту мен оқу әдістемесінің практикалық дағдыларын қалыптастыру мақсатында өткізіледі. Бұл ретте магистранттар бакалавриатта сабақ өтуге тартылуы қарастырылған.

2) Магистранттың зерттеу практикасы отандық және шетелдік ғылымның ең жаңа теориялық, әдіснамалық және технологиялық жетістіктерімен, ғылыми зерттеудің, экспериментті деректерді өңдеудің және түсінік берудің қазіргі заманғы әдістерімен танысу мақсатында өтеді. Зерттеу практикасының мазмұны диссертациялық (жобалық) зерттеу тақырыбымен айқындалған. Білім беру бағдарламасының траекториясына байланысты лингвистикалық ғылыми-зерттеу тақырыптары ұсынылған.

Кәсіби құзіреттілікті қалыптастыруда КТ мүмкіндіктері:

Оқыту процесінде алған білімді, шеберлік пен дағдыны кәсіби қызметте практикалық тұрғыда пайдалана білу қабілетін, яғни құзіреттіліктерін дамытуда кәсіби практиканың маңызы зор. ЖОО-лардың ғылыми зерттеу әдіснамасы, ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет саласындағы, кәсіби саладағы ғылыми жобалар мен зерттеулерді орындаудағы, білімді үнемі жаңартуды қамтамасыз ету, кәсіби дағдылар мен шеберліктерді кеңейту тәсілдеріндегі оқыту нәтижелерін практикалық тұрғыдан екшеуден өткізіп, өз кәсіби шеберлігін көрестуге мүмкіндік қарастырылған.

Жұмыс берушілер, мүдделі тұлғалар, бизнес-қауымдастық өкілдері олармен элективті пәндер каталогын жасақтау мен олармен келісу кезеңінде, кәсіби практиканы өткізу кезінде, қорытынды мемлекеттік аттестация өткізу кезінде құзіреттіліктерді қалыптастыру процесіне белсенді түрде қатысуы эксперт қорытындылары мен пікірлерінде айқын көрініс тапқан.

БББ-ның жобалануы келесі оқу жылы үшін жылына бір рет бекітілген. БББ-ны қайтадан қарастыру туралы шешім кафедра отырысында қабылданып, ол білім беру сапасын жақсарту және жаңарту, білім алушылар мен жұмыс берушілердің еңбек нарығындағы қажеттілігін қанағаттандыру мақсатында жүргізілуде. Білім беру бағдарламаларының мақсаты Баишев Университеті оқытудың барлық деңгейінде жоғары сапалы, отандық еңбек нарығында сұранысқа ие мамандар даярлауға бағытталған

миссиясы мен стратегиясына сәйкес келеді. Магистратурадағы білім беру бағдарламаларының мақсаты:

1. Магистрлер дайындауды жүзеге асыратын жоғары оқу орындарының және ғылыми-зерттеу ұйымдарының тиімділігін арттыру.

2. Магистранттардың өз бетіндік оқу, ғылыми-зерттеу және педагогикалық қызметін қолдау.

3. Қазақстан Республикасының «Қазақ тілі және әдебиеті» мамандығы бойынша педагогика ғылымдарының магистрі» академиялық дәрежесі берілгендігі туралы құжаттарын халықаралық білім беру кеңістігі мен халықаралық еңбек нарығында мойындалуын қамтамасыз ету.

Білім беру бағдарламаларындағы пәндердің атаулары мен мазмұны білім беру нарығындағы қазіргі талаптарға сәйкес келеді. Элективті пәндерді таңдау таңдалған дайындық бағытының ерекшелігіне байланысты болып, нәтижесінде индивидуалды білім алу траекториясы жасалған.

Білім алушылардың біліктілік деңгейі түлек моделінде көрініс тапқан, білім, білік, дағдылар мен құзіреттіліктер, жеке сапалары мен дайындық деңгейіне байланысты күтілетін нәтижелер көрінетін оқу жоспарларымен және кәсіби құзіреттіліктермен анықталған.

2019-2020 оқу жылына Бірлескен БББ бойынша білім беру қызметін іске асыруға мақсатында Түркия мемлекетіндегі Gazi University, Mer-Ak Mersin Akademi университетімен келісімшарт жасасып, нәтижесінде ф.ғ.д. Асанов Ж.А. ғылыми-зерттеу тақырыбы аясында түркия ғалымдарымен бірлесіп жазылған «Едіге батыр» кітабы дәлел.

### ***Талдау бөлігі***

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының негізгі бағыттарына және Болон конвенциясының талаптарына сәйкес университет құзыреттілік-бағдарлы білім беруді жетілдіруге және іске асыруға бағытталған модульдік білім беру бағдарламаларын құруды жүзеге асырады. Оң сәт ретінде МББ қалыптастыру процесінің нақтылығы мен қисындылығын атап өтуге болады. БББ ПОҚ, білім алушылар мен жұмыс берушілердің қатысуымен кафедра мен оқу-әдістемелік отырыстарында талданып, Ғылыми Кеңесте бекітіліп, қолданысқа енгізілген.

Қорытынды аттестаттау білім беру бағдарламалары бойынша оқытудың логикалық аяқталуы болып табылады. Магистратура деңгейінде бітіруші жұмыстар тізімін ғылым мен білім беруді дамытуда жаңа басымдықтардың пайда болуына, технологияларды, оқытудың жаңа әдістерін жетілдіруге, ғылымдағы іргелі зерттеулерді дамытуға байланысты жыл сайын ғылыми жетекшілер мен шығарушы кафедралар қайта қарайды. Білім беру бағдарламаларын іске асыру кезінде білім беру процесінің теориялық және практикалық құрамдастары арасындағы талап етілетін арақатынасты үйлестіретін қажетті тұтастық қамтамасыз етіледі. Модульдердің, практика мен бітіру жұмыстарының барлық түрлерінің мазмұны БББ мақсаттарына қол жеткізуге және білім алушылардың кәсіби және жалпы мәдени құзыреттіліктерін алуға бағытталғанын атап өту қажет. Жұмысқа орналастыру және практика бөлімі практикадан өту мониторингін жүзеге асырады және кафедра барлық қажетті ақпаратты бергеннен кейін оның ұйымдастырылу сапасын бақылайды. Практиканың барлық түрлерін ұйымдастыру ұйымдармен және кәсіпорындармен ынтымақтастық туралы жасалған шарттар (екі жақты, үш жақты) негізінде жүзеге асырылған. Практиканы өткізу үшін практика бағдарламасы әзірленеді, ол кәсіби практикаларды өткізу жоспары мен кестесін құрылған. Барлық оқу деңгейлері бойынша кафедраларда өткен және ағымдағы оқу жылдарына барлық қажетті құжаттар бар: практиканың барлық түрлерінің бағдарламалары; практиканың барлық түрлері бойынша жоспарлар; практикадан өту кестесі; практика базаларының тізімі; ректордың практикадан өту туралы бұйрықтары; кафедра мүшелерінің құрамы туралы өкімдері;



анықтау және қорытынды конференциялардың хаттамалары; практиканың барлық түрлері бойынша практиканттардың күнделіктері; білім алушылар мен практика басшыларының есептері; кәсіпорындармен ұсынылған білім алушылардың сипаттамалары талапқа сай рәсімделген.

### ***Мықты жақтары/ең үздік тәжірибе***

ЖОО ББ әзірлеу процедураларын анықтап, құжаттарды институционалдық деңгейде бекітілген ББ басшылығы БББ сыртқы сараптамаларын жүргізуді көрсетті.

ББ басшылығы оқу нәтижелерін қалыптастыруға пәндер мен кәсіби практикалардың әсерін анықталған.

БББ еңбек сыйымдылығы қазақстандық кредиттер мен ECTS-ге нақты анықталған

### ***ССК ұсыныстары***

1. Аккредиттелген ББ 7M01711 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» (лингвист-зерттеуші) бойынша болашақта бірлескен білім беру және үздіксіз білім беру бағдарламаларын құру мақсатында Қазақстанның жоғары оқу орындарымен және алдыңғы қатардағы шетелдік университеттермен ынтымақтастықты жандандыру ұсынылады.

**7M01711 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» (лингвист-зерттеуші) мамандығы бойынша ББ критерийлері бойынша: мықты - 7, қанағаттанарлық – 5.**

### ***6.4. «Білім беру бағдарламаларына тұрақты мониторинг және мерзімді бағалау» стандарты***

• ЖОО мақсатқа жетуді қамтамасыз ету және білім алушылар мен қоғамның қажеттіліктеріне жауап беру үшін, ББ мониторингін және мерзімді бағалауды өткізуі тиіс. Осы процесстер нәтижелері ББ үнемі жетілдіруге бағытталған.

- ББ мониторингі және оларды мерзімді бағалау;
- Оқытылатын пәннің өзектілігін қамтамасыз ету үшін нақты пән бойынша ғылымның соңғы жетістіктері тұрғысынан бағдарламалардың мазмұнын;
- Қоғам мен кәсіби ортаның қажеттіліктері өзгеруін;
- Білім алушылардың жүктемесін, үлгерімін және оқу бітіруін;
- Білім алушыларды бағалау рәсімінің тиімділігін;
- Білім алушылардың болжалдары, қажеттіліктері және қанағаттануын;
- Білім беру ортасын және қолдау қызметтерін және олардың ББ мақсаттарына сәйкестігін қарастыруы тиіс.
- ЖОО және ББ басшылығы білім алушылардың, жұмыс берушілердің және басқа стейкхолдерлердің ББ қайта қарастыруға қатысуларына дәлелдемелер ұсынуы тиіс.
- Барлық мүдделі тұлғалар ББ қатысты кез-келген жоспарланған немесе қабылданған әрекеттер туралы хабарландырылуы тиіс. ББ енгізілген, барлық өзгерістер жариялануы тиіс.
- ББ басшылығы еңбек нарығының өзгерістерін, жұмыс берушілердің талаптарын және қоғамның әлеуметтік сұранысын ескеріп ББ мазмұны мен құрылымын қайта қарауды қамтамасыз етуі тиіс.

### ***Дәлелдік бөлігі***

Баишев Университеті мүдделі тұлғаларына сауалнама жүргізілді. Оның негізгі мақсаты – түлектердің дайындық сапасына мүдделі тұлғалардың қанағаттануын зерделеу, білім сапасын бағалау мақсатында сауалнама жүргізілген. Сауалнамаға жұмыс беруші Ақтөбе қаласының мектеп, колледж директорлары қатысты: Баишев жоғары медициналық колледжінің директоры директоры Кульбаева Б.С. және т.б. мүдделі тұлғалар қатысқан. Сауалнамаға бес балдық шкала бойынша бағаланған түлектердің теориялық дайындығы, кәсіби құзыреттілік деңгейі және жеке қасиеттері бойынша сұрақтар кіріктірілген. Білім беру бағдарламасының сапасына мүдделі тұлғалардың қанағаттанушылық мониторингі мәліметтерін талдау:

1. Баишев Университеті түлегінің теориялық дайындық деңгейін 4,7 балға бағалайды, бұл 94% құрайды.

2. «Тәжірибеде жалпы және арнайы білімін, дағдысын және үйренген әдістерін қолдана білуі» деген сұраққа жауап беруші 4,7 балл қойды (94%).

3. «Жоспарлау, мәліметтерді тіркеу және біріктіруі» 4,6 балмен бағаланған (92%).

4. «Қабылданатын шешімдердің салдарын түсінуге қажетті кең білімдарлығы» - 4,5 балл (90%).

5. «Компьютермен жұмыс жасау дағдылары». MS Access, Word, PowerPoint, Excel секілді Microsoft Office-тің негізгі бағдарламаларын білуі, электронды поштамен, интернетпен түрлі браузерлермен жұмыс жасай білуі қазіргі өмірдің ажырамас бөлігі болып табылғандықтан жауап берушілер бұл көрсеткішті 4,7 балмен бағалаған (94%).

6. «Білімдарлығы, жалпы мәдениеті» – түлектердің жан-жақты білімділігі, көптеген салаларды кең түсінуге жауап берушілер 4,3 балл қойылған (86%).

7. «Бастамашылдығы, әрі қарай оқуға қабілеті» адамның ұйымдастырушылық деңгейінің маңызды көрсеткіші болып табылады. Жауап берушілер бұған 4,7 балмен бағаланған (94%).

8. «Кәсіби білігі мен дағды деңгейі» - түлектердің кәсіби жұмыс жасай алуын, тәжірибелік нәтиже ала алатынын, дағдыға айналған жұмысты орындау қабілеттілігін мүдделі тұлғалардың бағалауы -4,3 балл (86%).

9. «Мансаптық өсуді көздеуі» тікелей адаммен байланысты, бұл оның қабілеттері мен қызығушылықтары, ынтасы, мәртебесі мен рөлін өзгерту туралы шешім қабылдауы, мамандану ерекшеліктері және т.б. Жауап берушілер 4,5 балл қойылған (90%).

10. «Жаңа идеяларды дамыту қабілеттері» өзін-өзі жетілдіруге ұмтыла отырып, үздіксіз дамытып отыруы қажет болып саналатын қабілеттерін, идеяларын жүзеге асыру біліктерін жұмыс берушілер 4,1 балмен бағалаған (82%).

11. «Өз еңбегінің нәтижесін тиімді көрсете білу қабілеті» 4,3 балмен бағаланған (86%). Сауалнама жауаптарының талдауы университет магистранттарының дайындық сапасына мүдделі тұлғалардың қанағаттанатынын көрсетті, бұл пайыз есебінде 89,8 құрайды. Барлық мүдделі тараптарға сауалнама мен сұрақ-жауап өткізу олардың қызығушылықтарын ескеруге және қоғам дамуының заманауи тенденцияларына, мүдделі тұлғалардың кең шеңберінің талаптарына сәйкес жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Мүдделі тұлғалардың талаптарына сәйкес жаңа элективтік пәндер енгізілген. Білім беру бағдарламаларын жоспарлау, дамыту және үнемі жақсарту, оқу пәндерін жаңарту тетіктерін жетілдіру БББ жүзеге асыру және оны мерзімдік бағалау мониторингі жасалған.

7М01711 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ даму жоспарына мониторинг жүргізу және мерзімдік бағалау үшін жұмыс топтары құрылады, олардың құрамы кафедра отырысында қаралып, бекітілген (13.11.19 №3). Білім беру сапасына мониторинг жүргізу үшін (Баишев Университетінің білім беру сапасы мониторингі Ережесі басшылыққа алынған (СМЖ 26 - 2019).

Білім алушылардың оқу жүктемесінің, үлгерімінің және бітіруінің мониторингін білім алушыларға қызмет көрсету орталығы және тіркеуші-офис:

1) ББ оқу жоспарларының МЖМБС ТОЖ-на сәйкестігін талдау мыналарды анықтауға мүмкіндік берді: 7М01711 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» - оқу жоспарларының ҮОЖ талаптарына сәйкестік деңгейі 2 жыл оқу мерзімі бар ғылыми-педагогикалық бағытқа -толық сәйкестік; 7М01711 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» - оқу жоспарларының ҮОЖ талаптарына сәйкестігі деңгейі-100%.

2) білім алушылардың оқу жүктемесі семестр үшін 30 кредиттен аспайды, оқу жоспарында көзделген оқу қызметінің барлық түрлерін, оның ішінде аудиториялық, дербес жұмысты, практиканы және т. б. қамтиды.;

3) білім алушылардың ЖОЖ мониторингі ЖОЖ-ны жазу, ресімдеу процедурасының сақталатынын көрсетеді: ағымдағы оқу жылына білім алушының ағымдағы курсы үшін анықталған оқу жоспарының барлық құрамдастары, пән атауы, пән коды, кредит саны,

Сабақ түрі, тьютордың аты-жөні, сағат саны және бақылау түрі; 4) ЭПК енгізілген пәндер оқылатын саланың өзекті бағыттарын көрсетілген, оларды зерделеудің логикалық реттілігін ескере отырып жасалған. ЭПК-на шығармашылық тұлғаны дамытуға бағытталған және білім алушылардың кәсіби құзыретін қалыптастыратын пәндер енгізілген. Элективті пәндер еңбек нарығындағы соңғы өзгерістерді ескерілген, жұмыс берушілердің мүдделерін көрсетеді және практиканың барлық түрлерімен бірге білім алушылардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға, оларды болашақ кәсіби қызметке дайындауға бағытталған. Оқу бағдарламаларының мазмұны оқытылатын пәндердің өзектілігін қамтамасыз ету үшін ғылымның соңғы жетістіктері аясында қаралған.

Білім алушылардың білімін бақылау негізінде білім алушылардың білім беру траекториясы бойынша алға жылжуына және олардың жетістіктеріне тұрақты мониторинг жүргізілген.

7М01711 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ бойынша білім алушыларды шығару мониторингі 2017-2018 оқу жылында 9 түлекті, 2018-2019 оқу жылында 15 түлекті, 2019-2020 оқу жылында 28 түлекті көрсетті.

БББ-ны іске асырудың қол жеткізілген нәтижелерінің сыртқы бағасы БББ түлектерін жұмысқа орналастыру және талап ету көрсеткіштері болып табылады. 2016-2017 оқу жылында 7М01711-«Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы түлектерін жұмысқа орналастыру пайызы 100% тиісінше, жұмысқа орналастырудың жоғары деңгейі ретінде бағаланды. 2018 оқу жылында магистратурада білім алушыларды жұмысқа орналастыру бойынша ереже жоғары деңгейде қалып отыр – 57,1%, оның ішінде 4 адам-декреттік демалыста, 2019-2020 оқу жылында- 86%, оның ішінде 1 адам-декреттік демалыста.

### ***Талдау бөлігі***

Талдау барысында ББ Стандартқа сәйкестігі көрініс табады. ББ мониторингі және оларды мерзімді бағалау, БББ-ны іске асырудың қол жеткізілген нәтижелерінің сыртқы бағасы, алушылардың оқу жүктемесінің, үлгерімінің және бітіруінің мониторингінде өсу байқалады.

### ***Мықты жақтары/ең үздік тәжірибе***

АРТА ССК сапары барысында ЖОО басшылығы білім алушылар, ПОҚ, жұмыс берушілер үшін ашықтық пен қол жетімділікті көрсетті.

Комиссия атап өткендей, университет жүйелі негізде жұмыс берушілердің қатысуымен білім беру бағдарламаларының мазмұны мен құрылымын қайта қарауды қамтамасыз етеді. Комиссия еңбек нарығындағы өзгерістерді және тартылатын жұмыс берушілердің құрамын анықтау үшін қолданылатын құралдарға назар аударады және оқытудың күтілетін нәтижелерін есепке алу мүмкіндігі мақсатында еңбек нарығына талдау жүргізуді ұсынды.

Сұхбаттасу нәтижелері бойынша комиссия жұмыс берушілер аккредиттелетін БББ әзірлеу кезінде жаңа элективті пәндерге қатысты өз ұсыныстарын енгізу арқылы қатысатыны анықталды.

### ***ССК ұсыныстары***

1. Аккредиттелген 7М01711 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» (лингвист-зерттеуші) бағдарламасына оны жетілдіруге бағытталған, оны студенттер мен жұмыс берушілердің мүдделерін ескере отырып нақтыланған және іске асыратын етіп жасау ұсынылады.



**«7М01711 – Қазақ тілі мен әдебиеті» (лингвист-зерттеуші) мамандығы бойынша ББ критерийлері бойынша: мықты - 8, қанағаттанарлық – 2.**

*6.5. «Студенттерге орталықтандырылған білім беру, оқыту және үлгерімдерін бағалау» стандарты*

- ББ басшылығы білім алушылардың әр түрлі топтарына және олардың қажеттіліктеріне құрмет пен көңіл бөледі, оларға оқыту икемді траекторияларды қамтамасыз етуі тиіс
- ББ басшылығы оқыту және үйрету әр түрлі нысандары мен әдістерін қолдануды қамтамасыз етуі тиіс.
- Маңызды фактор ББ оқу пәндерін оқыту әдістері саласында жеке зерттеулердің бар болуы болып табылады.
- ББ басшылығы оқыту және үйрету нәтижелерін бағалау әр түрлі әдістемелерін қолдану бойынша кері байланыс жүйесінің бар болуын көрсетуі тиіс.
- ББ басшылығы оқытушы тарапынан бір мезгілді басшылық ету және көмек көрсету кезінде білім алушылар дербестігін қолдауды көрсетуі тиіс.
- ББ басшылығы білім алушылардың шағымдарына әрекет ету рәсімі бар болуын көрсетуі тиіс.
- ЖОО апелляцияны қоса отырып, әр ББ үшін оқыту нәтижелерін бағалау механизмінің бірізділігін, айқындығын және әділдігін қамтамасыз етуі тиіс.
- ЖОО ББ білім алушыларды оқыту нәтижелерін бағалау рәсімдерінің, оқытудың жоспарланып отырған нәтижелеріне және бағдарлама мақсаттарына сәйкестігін қамтамасыз етуі тиіс. ББ шеңберінде бағалау өлшемдері мен әдістері алдын ала жариялануы тиіс.
- ЖОО ББ әр түлегі оқыту нәтижелерін игеруді қамтамасыз ету механизмдері белгіленуі және оларды қалыптастыру толықтығы қамтамасыз етілуі тиіс.
- Бағалаушы тұлғалар оқыту нәтижелерін бағалау заманауи әдістерін игеру және жиі осы салада өз біліктіліктерін арттыруы тиіс.

***Дәлелдік бөлігі***

Кәсіптік құзыреттілікті қалыптастыруға бағытталған жеке оқу жоспарын құруда білім алушылардың тең мүмкіндіктері қамтамасыз етілген.

7М01711– «Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ іске асырылуын бағалау бойынша сапаны бақылау жүйесінің маңызды элементі болып табылатын «ПОҚ магистранттар көзімен» сауалнамалық жүйесі әзірленген. " Жылдың үздік оқытушысы" байқауы аясында «Оқытушы магистранттар көзімен» білім алушыларына сауалнама жүргізілген. Білім алушылар университет оқытушыларының оқу пәндерін оқытудағы сапасын және кәсіби шеберлік деңгейін зерттеу мақсатында сауалнама анонимді, ешкімнің кеңесуінсіз өздігінен сұрақтарға жауап берген. Сауалнама 8 оқытушыға анықталып, 93% көрсеткен.

Оқу процесіне зерттеу нәтижелерін енгізу:

БББ аясында соңғы үш жылда оқу процесін тиімді ұйымдастыру және білім сапасын жақсарту, білім алушылардың нәтижелерін бағалаудың ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында төмендегідей инновациялық әдістер мен оқыту түрлері, бағалау формалары енгізілген:

1) Қаһармандық эпосты зерттеудің жаңа технологиясы мәселелері – енгізген ф.ғ.д., ҚР

Педагогикалық Ғылымдар Академиясының академигі Ж.А. Асанов. Пәндері: Ақтөбе өңіріндегі эпикалық дәстүр (XIX-XX ғасыр басы), Батырлар жырын зерттеудің әдістемесі.

2) Поэтикалық мәтіннің/дискурстың лингвосинергетикалық, лингвофилософиялық мәселелері – енгізген ф.ғ.к., доцент Н.Н.Аитова. Пәндері: Генеративтік грамматика, Поэтикалық мәтінге когнитивтік-лингвомәдени талдау.

3) Дамыта оқыту және деңгейлеп оқыту технологиясы – енгізген ф.ғ.к., доцент А.З.Тлеуова. Пәні: Қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың тиімді технологиялары Бір уақытта басшылық және оқытушы тарапынан көмек көрсету кезінде білім алушылардың дербестігін қолдау көрсетілген.

Білім алушыларды ақпараттандыру және кері байланыс жүйесі тиімді түрде жүзеге

асырылған. Оқу үдерісіне байланысты мәселелер туындаған жағдайда білім алушы кураторға (эдвайзерге), кафедра меңгерушісіне жүгіне алатыны, сондай-ақ декандардан кеңес алып, университет сайтында орналасқан ректордың блогына жазып, толық жауап ала алатыны анықталды. Университетте білім алушылардың шағымдары мен ұсыныстарын жасырын түрде университет ғимаратының 4-ші қабатында орналасқан сенім жәшігіне сала алады. Ескертулерді жою және қызметті жетілдіру бағыттары бойынша белгіленген шешімдер туралы ақпарат жоғары мектеп деканаттарының, кеңестерінің отырыстарында талқыланатыны көрсетілген.

Оқыту әдістемесі саласында жеке зерттеулерді қамтамасыз ету, әдістемелік әзірлемелерді дамыту және өзектілігі, студенттерді зерттеу жұмысына тарту бағыты бар.

7M01711 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының 2 курс магистранттары «Тілтаным» ғылыми-зерттеу зертханасы негізінде үздіксіз ғылыми тәжірибеден өтіп отыратынын, университеттің білім беру бағдарламасының құрылымы магистранттардың ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысуына және зерттеу мәдениетін игеруге мүмкіндік беретінін «Тілтаным» ғылыми-зерттеу зертханасының жауапты оқытушысы ф.ғ.к., доцент Амангазиева Мерует Кусаиновна ақпарат берді. 7M01711- «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 1 курс магистранттарының 04.11.19-22.11.19 аралығында үш апта үзіліссіз магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысына жетекші ф.ғ.к., доцент F.M. Ниязова ұйымдастырды.

Баишев Университетінің кадрлар біліктілігін арттыру және қайта даярлау Институтында оқу нәтижелерін бағалаудың қазіргі заманғы әдістері саласында БК курсы әзірленді және іске асырылып, оған кафедра оқытушылары мен 7M01711 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ білім алушылары да қатысып, сертификаттарын алған. 7M01711 –

«Қазақ тілі мен әдебиеті» ББ 2 урс білім алушылары Давлетова Молдир Каскирбековна, Кошджанова Айтолған Тахировна, Қазиева Гүлшат Әділханқызы, Ақылжанова Жұлдыз Рамазановна «Жаңартылған білім беру мазмұны: «Қазақ тілі мен әдебиеті» тақырыбында 80 сағат көлемінде 2019ж. қыркүйек айында өткендігі дәлелденді.

Университетте білім беру бағдарламаларын жұмыс берушілермен келісу, жұмыс берушілерді сабақ өткізуге, кәсіптік тәжірибеге жетекші болуға, бітіру жұмыстары мен оқытушылардың әдістемелік құрастырмаларына рецензия жазуға тарту, жұмыс берушілерді мемлекеттік аттестациялау комиссиясы құрамына енгізу, жұмысшылардың мамандар дайындау сапасына қанағаттану деңгейін бағалау тәжірибелері қалыптасқан. Мысалы, жыл сайын жұмыс берушілердің келісімі негізінде магистратураның таңдау пәндері 10%-дан 30% -ға дейін өзгертіледі.

Бінталы тұлғаларды, жұмысшыларды, оқытушыларды, білім алушыларды тартудың репрезентативтілігі біліктілігі жоғары сапалы және еңбек нарығында жоғары сұранысқа ие мамандар дайындауға бағытталған білім беру бағдарламаларының қалыптасуымен дәлелденеді. Атап айтқанда: Жұмыс беруші, Ақтөбе қ., Баишев жоғары медициналық колледжінің директоры Кульбаева Б.С.

БББ басшылығы ПОҚ-тың ҒЗЖ жүзеге асырылуына барлық кезеңдерінде ат салысады: жоспарлаудан (ОЖДЖ, кафедра жұмыс жоспары бойынша), ClarivateAnalytics, Scopus және Springer дерекқорларына енгізілген журналдарда ғылыми мақалаларды

жариялау мүмкіндіктері туралы ақпараттандыру, ғылыми семинарлар өткізу, нөлдік импакт-факторы бар ғылыми журналдар, алқалық кеңестің отырыстарында зерттеу нәтижелерін қарап шығып, оларды жариялауға ұсынған.

Импакт-факторлы ғылыми журналдарда, ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау жөніндегі комитет ұсынған журналдардағы мақалалар саны, патент және авторлық куәліктер, монографиялар, шаруашылық келісімшарттар саны

Оқу жылы	Импакт-факторлы	Шығарылған монография	ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы	Патент және	Шаруашылық
					қ

	ғылыми журналдар саны	лар саны	бақылау жөніндегі комитет ұсынған журналдар саны	авторлық куәлікте р	келісімшарт тар
2016-2017	5		3		1
2017-2018	9	2	10	1	1
2018-2019	7		17	1	1
2019-2020	1	2	13	1	2
Қорытынды	22	4	43	3	5

Магранттардың оқу үлгерімінің нәтижелеріне шағым беру апелляциялық комиссияның жұмысы арқылы жүзеге асырылады.

Магранттардың арасында жүргізілген сауалнаманың нәтижелері магранттардың аккредиттелген ЭП келесі параметрлерге толық қанағаттанатындықтарын көрсетті:

Мұғалімнің оқу процесі туралы кері байланысына жедел жауап беру - (89,7%);

Білім сапасы - (91,4%)

Жалпы оқыту әдістері - (87,1%);

Емтихандар мен сертификаттаудың адалдығы - (85,7%)

Студенттерді уақытылы бағалау - (88,6%)

#### **Талдау бөлігі**

Білім алушылар ЖОО білім беру жүйесінің негізгі тұтынушылары болғандықтан, Баишев Университетінде осы аспектіге маңызды мән беріледі. Университеттің 2019-2023 жылдарға арналған даму бағдарламасы, 2019-2022 жылдарға арналған ББ бағдарламасының жоспарын жүзеге асыру үшін, оқу сапасын қамтамасыз ету саласындағы саясатты іске асыру мақсатында ЖОО басшылығы мен аккредиттелетін ББ жүйелі түрде пікірлерді талдау, білім алушылармен кері байланысты ұйымдастыру арқылы білім алушыларға сауалнама нәтижелері, feedback жүзеге асырылады. Кері байланыс басшылыққа тікелей қол жеткізу арқылы жүзеге асырылады: ЖОО ректорына, департаменттерге, деканатқа; университет сайты арқылы. Барлық аккредиттелетін ББ бойынша білім алушылардың қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, жеке білім беру траекториясын қалыптастыру бойынша тең мүмкіндіктері қамтамасыз етіледі. Элективті курстардың тиімділігін жүйелі зерттеу нәтижелері білім алушылардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған бағдарламалардың әзірленген мазмұнын меңгерудегі тұрақты оң динамика туралы айтуға мүмкіндік береді.

Білім беру үдерісінде білім алушылардың белсенді білім беру қызметі ретінде оқытудан білім беру үрдісіне назар аудару көрсетілді, бұл студент орталықты оқытудың негізі болып табылады. Аккредиттелетін кластер мамандықтарының ПОҚ-мен кездесу барысында Комиссия өздерінің оқытылатын пәндері шеңберінде оқытушылар жыл сайын қазіргі заманғы оқыту әдістемелерімен біліктілікті арттырудан өтеді. ПОҚ оқытудың жаңа әдістерін меңгеріп, белсенді түрде қолданады.

Студенттер орталықтанған оқытуды енгізу кезінде оқыту мен жалпы оқытушылық қызметке қойылатын талаптар өзгереді. Сарапшылар оқытудың белсенді әдістері мен оқытудың инновациялық әдістерінің жүйелі дамуын, енгізілуін және тиімділігін атап өтті. Кафедра оқытушылары Мамандық пәндерін меңгеру және академиялық дәреже алу үшін білім алушыларға барынша қолайлы жағдай жасайды. Оқытудың инновациялық әдістерін жүйелі түрде дамыту және енгізу көрсетілген, білім алушылардың орындармен қанағаттану деңгейін анықтау және практикадан өтуді ұйымдастыру бойынша жұмыстар көрсетілген.

Сонымен қатар, білім алушылармен, университет түлектерімен сұхбаттасу нәтижесі бойынша комиссия мектепте сабақ беруге дайындалу үшін практикалық немесе практикалық-бағытталған сабақтарды арттыру туралы, сондай-ақ білім берудің



жаңартылған мазмұнына байланысты тілектерін тыңдады. Олардың пікірінше, жетекші мамандар, мектептердің үздік мұғалімдері мектептің қазіргі заманғы реформаларын, білім беру мазмұнын жаңартуды жақсы көрсете алады.

### ***Мықты жақтары/ең үздік тәжірибе***

- Университет тұрақты мониторингі білім алушылардың білім сапасы, ББ ұйымдастыру және іске асыру мәселелері бойынша тілектерін орындау қағидасын жүзеге асырады.
- Студенттік білім беру және әлеуметтік бастамаларды қолдау, университет басшылығымен және профессорлық-оқытушылық құраммен білім алушылардың автономиясын қолдау
- ОП басшылығының практикадан өту базаларымен өзара іс-қимылын ұйымдастыру.
- Оқу үрдісінің бағалау рәсімдерінің оқу нәтижелері мен ББ мақсаттарына сәйкестігі.
- Студенттің білім беру траекториясы және білім алушылардың жетістіктері бойынша алға жылжуына мониторинг жүйесінің болуы.
- Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасы оқытушыларының педагогикалық бейін, белгілі бір салада, бағытта маман ретінде біліктілігін арттыру бойынша біліктілікті арттыру курсынан өтуі

• ClarivateAnalytics, Scopus және Springer дерекқорларына енгізілген журналдарда, нөлдік импакт-факторы бар ғылыми журналдар ғылыми мақалаларды жариялау.

### ***ССК ұсыныстары***

1. Кафедра оқытушыларына Қазақстанның жетекші жоғары оқу орындарында 7M01711 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» (лингвист-зерттеуші) оқу бағдарламасында оқу нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталған инновациялық педагогикалық технологияларды игеру бойынша біліктілікті арттыру практикасын жалғастыру ұсынылады.

2. Оқытушыларға 7M01711 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» (лингвист-зерттеуші) оқу бағдарламасы бойынша құқықтық пәндерді оқитудың ерекшеліктерін көрсететін студенттерге бағытталған оқыту әдістері бойынша оқу құралдарын жасау ұсынылады.

**«7M01711 – Қазақ тілі мен әдебиеті» (лингвист-зерттеуші) мамандығы бойынша ББ критерийлері бойынша: мықты - 1, қанағаттанарлық – 9.**

### ***6.6. «Білім алушылар» стандарты***

• *ЖОО ББ шеңберінде білім алушылар оқуға түскеннен бастап оқуды аяқтағанға дейін, білім алушылар контингентін қалыптастыру саясатын көрсетуі және оның рәсімдерінің айқындығын қамтамасыз етуі тиіс. Білім алушылардың өмірлік циклін регламенттейтін рәсімдер (оқуға түскеннен бастап аяқтағанға дейін), белгіленуі, бекітілуі, жариялануы тиіс.*

• *ББ басшылығы жаңадан оқуға түскен және шетел білім алушылар үшін бейімделу және оларды қолдау арнайы бағдарламаларын өткізуді көрсетуі тиіс.*

• *ЖОО өз әрекеттерінің Лиссабон тану жөніндегі конвенциясына сәйкестігін көрсетуі тиіс .*

• *ЖОО біліктіліктерді салыстырмалы тануды қамтамасыз ету мақсатында басқа білім беру ұйымдары және ENIC/NARIC «Еуропа академиялық тану және жұмылғыштық жөніндегі ұлттық ақпараттық орталықтар/Ұлттық Тану академиялық Ақпараттық Орталықтар желісі» ұлттық орталықтарымен қызмет жасау тиіс.*

• *ББ басшылығы білім алушылардың академиялық жұмылғыштық нәтижелерін, сондай-ақ қосымша, формалды және бейресми білім алу нәтижелерін тану бойынша механизмнің бар болуын және қолдануды көрсетуі тиіс.*

• *ЖОО ББ білім алушыларының сыртқы және ішкі жұмылғыштығы үшін мүмкіндікті қамтамасыз етуі, сондай-ақ білім алу үшін сыртқы гранттарды алуға көмек көрсетуі тиіс.*

- ББ басшылығы білім алушыларды тәжірибе орындарымен қамтамасыз етуге, түлектерді жұмысқа орналастыруға көмек көрсетуге, олармен байланысты ұстауға барынша күштерін салуы тиіс.
- ЖОО түлектерді оқуда жеткен нәтижелерін, сондай-ақ алған білімнің мәнмәтінін, мазмұны мен мәртебесін және оны аяқтау куәлігін қоса отырып, алған біліктіліктерін растайтын, құжаттармен қамтамасыз етуі тиіс.
- Маңызды фактор ББ түлектерін жұмысқа орналастыру және кәсіби қызметінің мониторингі болып табылады.
- ББ басшылығы білім алушыларды өз бетінше білім алуға және негізгі бағдарламадан (оқудан тыс қызметтен) тыс дамуға белсенді ынталандыруы тиіс.
- Маңызды фактор түлектердің қызмет ететін ассоциациясы/бірлестігі бар болуы болып табылады.
- Маңызды фактор дарынды білім алушыларды қолдау механизмінің бар болуы болып табылады.

### **Дәлелдік бөлігі**


Баишев Университетінде кәсіптік бағдар беру саласында жүйелі жұмыс және оқушылардың өз құзыреттіліктерін жетілдіру мен кеңейтуге деген қызығушылығын қолдау ұйымдастырылған. Талапкерлер мен олардың ата-аналарына арналған Білім берудің жоғары мектебі ББ туралы, мамандықтар ерекшеліктері туралы, сондай-ақ болашақтағы кәсіби қызметтері туралы ақпараттар мазмұндалған орыс және қазақ тілдеріндегі анықтағыштар дайындалды. Бұдан басқа оқу жылы ағымында ұдайы тәжірибелі оқытушылардың мектеп пен колледж түлектерімен кәсіби бағдар беруде кездесулері өткізіліп тұрады.

Комиссия үздіксіз білім берудің барлық элементтері университетте іске асырылғанына көз жеткізді. Контингентті қалыптастыру саясатына Түлектер қауымдастығының мүшелері, кафедра мамандықтарының әр жылдардағы түлектері белсенді қатысады. Түлектермен байланыс, түлектер туралы мәліметтер, түлектер форумы түлектердің Ассоциациялық қызметімен жүзеге асады. Түлектер ассоциациясы Ақтөбе облысының кәсіпкерлер палатасымен, еңбекпен қамту, АҚ «Ақтөбе облысының жұмыс берушілер мен кісәпкерлер одағымен» бірлесе отырып жұмыс жасап, түлектердің жұмысқа орналасуына көмектеседі.

2017-2018жж. Түлектер қауымдастығы жұмыс жоспары негізінде тәлімгерлік бағдарламасы құрылып, университет ректоры А.Б.Ағзамовамен бекітілген (04.04.2017ж.), кафедра отырысында қаралды (№9 хаттама 10.05.2017ж.), білім алушылардың кәсіби қызығушылықтары бойынша тәлімгерлер мен білім алушылар өзара сөйлеседі, дөңгелек үстелдер мен кездесулер ұйымдастырылады. Жұмыс беруші түлек кәсіби қызметі туралы өз ойымен бөліседі. БББ түлектер жұмысқа орналасқан (Сейтимова А.Т., Әбдікәрім Е., Шолтаев Е..А.Алдаберген).

7M01711 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ магистранттарының жұмысқа орналасуы

Жылдар	Түлектер контингенті, адам	Жұмысқа орналасқан түлектер саны			Жұмысқа орналасуы, %
		Мамандық бойынша	Мамандық бойынша емес	Оқуын жалғастыруда	
2017	1	1			100
2018	7	4			72
2019	15	13			86



7M01711-«Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ түлектерінің жұмысқа орналасуы бойынша динамикасы

Білім алушылар контингентін қалыптастыру саясаты ЖОО-да оқуға неғұрлым даярланған, ББ саналы түрде таңдаған, тестілеу нәтижелері бойынша қажетті балл санын алған білім алушылар қатарына қабылдау болып табылады.

Университеттің білім беру бағдарламаларына білімалушылардың үлесінің талдауы көрсеткендей, 2018-2019 оқу жылының басында магистранттардың жалпы санындағы ең көп үлес: 7M01711 «Қазақ тілі мен әдебиеті» ББ бойынша - 37,1%.

7M01711 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ магистратурасында білім алушылар контингенті

Курс	Оқу бағыты	Контингент, адам			Негіз
		2017-2018 оқу жылы	2018-2019 оқу жылы	2019-2020 оқу жылы	
1 курс	Ғылыми және педагогикалық	14	22	6	1-курсқа қабылданған туралы Бұйрықтар: 25.08.2017 жылғы №204 25.08.2018 жылғы № 241 Ауысу туралы бұйрық №219 19.01.2018ж
	Барлығы	14	24	6	
2 курс	Ғылыми және педагогикалық	7	15		2-курсқа көшкендігі туралы бұйрық №239 23.07.2018ж.
	Барлығы	7	15	28	
Барлығы курс бойынша	Ғылыми және педагогикалық	16			
	Барлығы	21	39	28	


Университетке мемлекеттік білім гранты бойынша қабылданған контингентте 2 жыл бойы өсу үрдісі байқалады, 2017-2018 жылдары грантқа түсетін магистранттардың саны 9 адам, одан кейін 2018ж.-2019 ж, олардың саны 16 адамға жетіп, 2018 жылмен 2017 жылды салыстырғанда мемлекеттік білім беру грантымен түскендер саны 5 адамға артты.

7M01711 - Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша соңғы 3 жылдағы магистранттардың контингенті

Мамандық шифрі	2017-2018 оқу жылы		2018-2019 оқу жылы		2019-2020 оқу жылы	
	грант	шарт	грант	шарт	грант	шарт
6M011700-«Қазақ тілі мен әдебиеті»	9	5	16	8		

7M01711-«Қазақ тілі мен әдебиеті» (лингвист-зерттеуші)				5	1
Барлығы:	14	24		6	

7M01711 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша соңғы 3 жылдағы магистранттардың контингентінің динамикасы



ЖОО-да студенттер мен білім алушыларды бейімдеу үдерісінің белгілі бір механизмдері қарастырылған: бейімделу аптасы өткізіледі, университетте болу ережелерімен, оқытудың кредиттік технологиясымен, оқытудың балдық-рейтингтік жүйесімен, құрылымдық бөлімшелердің жұмысымен, жатақхана ережелерімен, студенттің ар-намыс кодексімен және т. б. танысу.

Академиялық мобильділік Баишев Университеті және серіктес жоғары оқу орындары, халықаралық компаниялар, қор және басқа да ұйымдар арасында жасалған келісімшарттарға сәйкес іске асырылады. Кафедрада БББ магистранттарының академиялық мобильділігін дамыту бағдарламасы әзірленіп, бекітілген: М.Ақмолла атындағы БМПУ-мен (РФ), Абай атындағы ҚазҰПУ-пен, БҚИТУ-пен (ҚР) және т.б. (академиялық мобильділік жөніндегі келесімшарттар).

Академиялық мобильділік бағдарламасына қатысатын білім алушылар үшін екі жақтың келісімімен жеке жұмыс жоспары құрылады. Білім алушы серіктес ЖОО аяқтағаннан кейін академиялық мобильділік жөніндегі координаторға жеке оқу жоспарына сәйкес оқыған пәндері тізімі бар транскриптің, емтихан қорытындыларын, академиялық анықтамасын, ғылыми-зерттеу жұмыстары және тәжірибеден өткендігі туралы куәліктерін ұсынады.

БББ білім алушыларының ішкі академиялық мобильділігі

2017-2018 оқу жылдары				
1 жартыжылдық				
№	ЖОО, қала, кеткен елі	Мамандық	Курс, оқыту тілі	Студенттің аты- жөні
1	Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қалаы	7M01711– Қазақ тілі мен әдебиеті	2 курс	Сейтимова Айдана Тлектесқызы
2019-2020 оқу жылдары				
1 жартыжылдық				
1	Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық	7M01711– Қазақ тілі мен әдебиеті	2 курс	Нәдірова Назерке



	университеті, Орал қаласы			Әлібекқызы
		7M01711 – Қазақ тілі мен әдебиеті	2 курс	Қуанова Манзура Айдарқызы
		7M01711 – Қазақ тілі мен әдебиеті	2 курс	Бисеналина Айгерім Талғатқызы


**БББ білім алушыларының сыртқы академиялық мобильділігі**

2017-2018 оқу жылдары				
2 жартыжылдық				
№	ЖОО, қала, келген елі	Мамандық	Курс, оқыту тілі	Студенттің аты- жөні
1	Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қаласы	7M01711– Қазақ тілі мен әдебиеті	1 курс	Мұрат Гулім Мұратқызы
2018-2019 оқу жылдары				
2 жартыжылдық				
1	Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қаласы	7M01711 – Қазақ тілі мен әдебиеті	1 курс	Айтимбетова Айгүл Алтынбековна

БББ білім алушыларының ішкі және сыртқы академиялық мобильділігі бойынша дәлелдеме құжаттары бар.

БББ білім алушыларының ішкі және сыртқы академиялық мобильділігін жүзеге асыру мақсатында университет М.Ақмолла ат.БМПУ-мен (РФ), Абай ат. ҚазҰПУ-пен, БҚИТУ-пен (ҚР) және т.б. келісімшарт жасалған.

Оқудан тыс уақытта Магистранттар кафедралар ПОҚ-ы жетекшілік ететін ғылыми-зерттеу жұмыстарға қатысады. «Едіге» эпосы және ұлттық руханият» атты халықаралық конференциясына 18-19. 04.19 (Бисеналина Ә. 2 курс магистранты), ф.ғ.д., проф. Абат Шамұлы Пангереевтің 60 жасқа толуына арналған «Әдеби-рухани мұра: мәдениетаралық коммуникация контексінде» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясына (Бурибаева Г.Қ. 1 курс, Ақылжанова Ж. 2 курс магистранты), «Жаңартылған білім мазмұны: қазақ тілі және оқыту әдістемесі» республикалық ғылыми - практикалық конференциясына (Сражина З.Е., Жақасова Г.Т. 2 курс магистранты), - Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, 19 сәуір, 2019 ж, «Жастар және ғылым: Бүгінгі және келешегі - Жаһандану дәуіріндегі цифрлік күн тәртібі» атты халықаралық конференциясына (Бисеналина Ә. 2 курс магистранты) - Ақтөбе: Баишев Университеті БУ 2019, Фил. ғыл.д., проф. Б.Т.Бораштың 80 жылдығына арналған «Рухани жаңғыру: әдеби мұра және ұлттық құндылықтар» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясына (Орынбаева А. 1 курс), Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында көрнекті ақын Өтежан Нұрғалиевтің 80 жылдық мерейтойына орай өткізілетін «Өтежан Нұрғалиев шығармашылығы: әдеби болмыс және дәуір шындығы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясына (Сәрсембин Ү.Қ 1 курс), «Әдеби-рухани мұра: мәдениетаралық коммуникация контексінде» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясына (Адилова Ж.М. 2 курс) 7M01711 «Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ білім алушылары жетекшілермен мақалаларын ұсынып, қатысып отырады.



Білім алушылардың ғылыми мақалалары бойынша диаграммасы

Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына арналған «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Жолдауын кеңінен насихаттауға арналған Ақтөбе қаласы әкімдігі ұйымдастыруымен өткен байқауға «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 2-курс магистранты Ақылжанова Жұлдыз Рамазанқызы (ғылыми жетекшісі: филология ғылымдарының кандидаты Исина Ж.А.) үздік шығармалар қатарынан жүлделі 1-ші орынды диплом және сыйлыққа смартфон иеленді. <http://vuzbaishev.kz/kz/%C2%ABsyindarlyi-%D2%9Bo%D2%93amdy%D2%9B-dialog-%E2%80%93%D2%9Baza%D2%9Bstannyi%D2%A3-t%D2%B1ra%D2%9Btyily%D2%93yi-men-%D3%A9rkendeu%D1%96n%D1%96%D2%A3-neg%D1%96z%D1%96%C2%BB.html>

